

А.Ж. БЕКМАҒАМБЕТОВ

**Оқушыларға
патриоттық тәрбие
беруді ұйымдастыру**

**Қарағанды
2009**

*МББҚБАжҚДИ-ның ғылыми кеңесімен ұсынылған
(№ 4 хаттама 17 сәуір 2009 ж.)*

ӘОЖ 37.035.6

ББК 74.00

Б 89

Б 89 **Бекмағамбетов А.Ж.**
Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді
ұйымдастыру: Оқу құралы. — Қарағанды:
ҚарМУ баспасы, 2009. — 98 бет.

ISBN 9965-686-81-5

Бұл оқу құралында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-теориялық негіздері қарастырылады және оны тәжірибеде іске асырудың жолдары ұсынылады.

Мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, студенттерге және білім беру саласының мамандарына арналған.

ӘОЖ 37.035.6

ББК 74.00

Пікір жазғандар: **Әбдікәрімұлы Б.**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Тәжіғұлова Г.О., педагогика ғылымдарының докторы

ISBN 9965-686-81-5

© Бекмағамбетов А.Ж., 2009

Кіріспе

Қазіргі кезде елімізде егемендігімізді нығайтып, дамыған елдердің қатарына ену үшін жасалынып жатқан игі шаралар баршылық. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, ең алдымен, біз жастарымыздың өз Отанына аялы көзқарасын, туған жерге сүйіспеншілігін, халқының салт-дәстүрлеріне сыйлы қатынасын, батырларына құрмет-сезімін тәрбиелеуіміз қажет. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» [1.Б.6] - деп айтылған болатын. Бұл міндет білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие беру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Ел өмірінде қалыптасқан бірқатар мәселелерді шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейін арттыруға, жастардың жоғары патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға, олардың бойына туған өлкесін мақтан тұту, құрметтеу сапаларын дарытуға, өз Отанының мүддесін қорғау үшін азаматтық борышын өтеуге даярлықты тәрбиелеуге байланысты. Сондықтан бүгінгі мектепте патриоттық тәрбие беру жүйесі оқу-тәрбие жұмыстарында әлеуметтік мәні зор құндылықтар арқылы азаматтықты және патриотизмді қалыптастыру мен дамытуды көздейді.

Өлкетану материалдары жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің қуатты құралы болып табылады. Оқушылар неғұрлым өзінің туған өлкесін жан-жақты

оқып-үйреніп, зерттеп білуге құштар болса, соғұрлым олардың патриоттық сана-сезімі биік, жан-дүниесі бай, аймақтық білім қоры мол болады, әрі Жер-ананың қадір-қасиетін білген адам өзін оның перзенті санап, оған зор жауапкершілік сезіммен қарайды. Мұның өзі бүгінгі таңда оқушыларды жергілікті жердің – аймақтың өлкетану материалдарымен тереңірек таныстырып, соның негізінде патриоттық тәрбие беру қажеттілігін дәлелдейді.

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты өлкетану материалдары арқылы жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан оқу құралында өлкетану материалдары арқылы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері мен ерекшеліктері көрсетіледі, оның мазмұны, формалары мен әдістері беріледі.

Оқу құралы оқушыларға, студенттерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мұғалімдерге және педагогика ғылымы саласындағы ізденушілерге арналған.

1 Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориялық негіздері

1.1 Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әлеуметтік-педагогикалық мәні

Патриоттық тәрбие берудің әлеуметтік-педагогикалық мәнін ашу үшін «патриот» және «патриотизм» ұғымдарын саналы ой елегінен өткізіп алу керек. Бұл ұғымдар ең алғаш рет 1789-1793 жж. Ұлы Француз төңкерісі кезінде жиі қолданылған. Ол уақытта патриоттар деп еркіндікті аңсаған, халықтың ісі үшін күрескен төңкерісшілерді, республиканы қорғаушыларды атаған. П.Ларусстың белгілі француз энциклопедиялық сөздігінде патриотизмнің мәнін анықтау бойынша мынадай анықтама берілген: «Патриот – Төңкеріс кезеңінде прогресс пен еркіндік достарына тағайындалған есім. Бұл сөз өз Отанын сүйетін адамды ғана білдірмеді, ол неғұрлым нақты мағынаға ие болып, жаңа Францияның арнайы азаматы, ескі режимнің жауы, күресуші апостол және төңкеріс солдатты деген мағынаны білдірді» [2. Б.38].

В.И.Даль «патриот» ұғымына мынадай түсініктеме береді: «Патриот - Отанын сүйетін, оның байлығын қорғайтын, Отансүйгіш, отаншыл азамат» [3.Б.461]. Қазіргі заманда патриот деп Отанын сүйетін, өз халқына адал қызмет ететін, өз Отанының мүддесі үшін құрбан болуға және қаһармандық ерлік жасауға дайын отаншыл азаматты айтуға болады.

«Патриот» ұғымының семантикасы патриотизмнің лексикалық мағынасын адамгершілік сапа ретінде анықтайды, яғни патриотизм Отанға деген сүйіспеншілікті, өз еліне, өз халқына адалдықты білдіреді. Патриотизм ұғымы философиялық тұрғыдан былайша анықталады:

«Патриотизм (грек сөзі - parties – отан) – адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, оның өткені мен бүгіні үшін мақтанш, Отанның мүддесін қорғауға ұмтылушылық» [4.Б.335]. Қазақ кеңес энциклопедиясында «Патриотизм» – дегеніміз (грек. patriotes - отандас, patrio - Отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды» - деп анықталған [5. Б.94].

Жоғары сынып оқушылары өз бетімен өмір сүруге қадам жасаудың баспалдағында тұрғандықтан, әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан қалыптасудың белсенді кезеңін бастан кешіреді. Бұл кезең - тұлғаның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі. Жыныстық толысуға байланысты өз организмі мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, жағдайдың біршама тиянақсыздығы (енді бала болмағанымен, әлі ересек те емес), өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі, жеке адамның өз мінез-құлқын үйлестіруге тиісті адамдар тобының ұлғаюы – осының бәрі қосыла келіп, жоғары сынып оқушыларында бағалаушылық-бағдарлаушылық іс-әрекетін күрт арттырады. Әңгіме өз қасиеттерін тану, жаңа білімдерді меңгеру туралы болса да, жоғары сынып оқушылары оларды бағалауға өте ерекше ден қояды да, өзінің мінез-құлқын саналы түрде жасалған немесе меңгерілген өлшемдер мен нормалар негізінде құруға тырысады. Бұл ең алдымен өзіндік сананың дамуында көрінеді. Сондықтан жоғары сынып оқушыларына үлкен жауапкершілік артылады, себебі ол жаңа әлеуметтік құндылықтарды қолданушы болып табылады, оның ішінде айрықша роль патриоттық

қасиеттерге бөлінеді. Мұның өзі бүгінгі таңда жасөспірімдердің патриотизмін қалыптасыру мәселесінің ерекше көкейкесті болып отырғандығын дәлелдейді.

Париотизм, патриоттық сезімдер әрбір адамның өз Отанына, еліне, туған жеріне қатынасын сипаттайды және Отанға деген сүйсіпеншілікті білдіреді, оған өз елінің мүдделері мен тарихи тағдырына қамқорлық, ол үшін өзін құрбан етуге даярлық; өз еліне сенімділік, оның әлеуметтік және мәдени жетістіктерін мақтан ету; өз елінің тарихи өткенін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тілін құрметтеу; өзінің туған және тұратын жерін жақсы көру; қоғамның әлеуметтік кемшіліктеріне төзбеу жатады.

Қазіргі таңда патриотизм ұғымы жаңа тұрғыдан кеңейіп, басқа ұлттар мен халықтардың мәдени материалдарын игеру үшін «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм», «ұлтжандылық», «толеранттық», «ұлтаралық қатынастар мәдениеті» ұғымымен байланыста қарастыруды көздейді.

Ж.Н.Қалиев өз зерттеуінде «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм», «ұлтжандылық» ұғымдарының мәнін ашып, оларды жалпы патриотизммен байланыстыруға талпыныс жасаған.

Ұлттық патриотизм әдетте адамдардың белгілі бір ұлтқа тән екендігімен, өз тілімен, мәдениетімен, сол аймаққа тән дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Қазақстандық патриотизм ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды атажұртым деп танып,

оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті, қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді [6].

Д.С.Құсайынова «қазақстандық патриотизмді» адамның өзін республика халқының құрамдас бөлігі ретінде сезінуі, Отанға деген сүйіспеншілігі мен берілгендік сезімі, халық пен елдің мүддесін қорғауда азаматтық парызын түсінуі және намысын ұстай білуі деп анықтай отырып, қазақстандық патриоттық тәрбиенің мақсатын бөліп көрсетеді.

Қазақстандық патриоттық тәрбиенің мақсаты - жеке тұлғаның, әлеуметтік, ұлттық топтың патриоттық іс-әрекетке саналы түрде ұмтылуын анықтайтын саяси-моральдық, кәсіби, денешыңдау қасиеттерін қалыптастыру. Оның жүйесіне мүліктік элементтер, рухани құндылықтар, адами элементтер жатады. Нәтижесінде Отанға деген сүйіспеншілік, жалпы ұлттық намыс, Отанның экономикалық, ғылыми, саяси-моральдық, әскери және спорттық саладағы мүмкіндіктерін дамытуға ұмтылу, саяси-идеологиялық, әскери қорғанысқа даярлық қалыптасады [7].

Ү.К.Санабаев өз зерттеуінде қазақстандық патриотизмнің мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- біздің халықтардың көпұлттық құрамына негізделі отырып, қазақстандық патриотизм өз мәні бойынша интернационалды;

- қазақстандық патриотизм біздің халықтың бай рухани-адамгершілік әлеуетін бөліп көрсете отырып, жоғары ізгілендіру негізін құрайды;

- ұлттық мүддені қорғауға деген шексіз ұмтылыс, Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін өзін құрбан

етуге даярлық қазақстандық патриотизмнің халықтық сипатын айқындайды;

- бай дәстүрлер қазақстандық патриотизмнің сабақтастығын анықтайды;

- ортаның қандай да бір факторының қолайсыз әсеріне шыдамдылық қабілеті, басқа пікірлерге, дінге, мінез-құлықтарға төзімділік қазақстандық патриотизмнің толеранттығын білдіреді [8].

«Ұлтжандылық» – жеке тұлғаның туған жеріне, ұлтына адал ниеті, мемлекетінің күш-қуатын, өміршеңдігін, тұтастығын қорғайтын рухани тірегі. Ал ұлтжандылық тәрбие – ұлт, ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық, ұлттық намыс, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мәдениет, т.б. ұлттық қасиеттердің ерекшеліктерін көрсететін ұлттық тәрбиенің бір түрі [6].

Толеранттық (лат. *tolerantia* – төзім) – қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі. Мысалы, алаңдауға толеранттық қатерлі жағдаятқа эмоцияның үн қату табалдырығының көтерілуінен көрінеді, ал сырттай – ұстамдылықтан, сабыр сақтаудан, бейімдеушілік мүмкіндіктерді төмендетпестен, жағымсыз әсерге ұзақ уақыт төзуге қабілеттіліктен байқалады [9].

Ұлтаралық қатынастар мәдениеті, ең алдымен, халықтардың тең құқылығы, өзара сыйластық, өзара көмек, гуманизм, т.б. өркениетті қатынастар принципінің ұлттық санаға қаншалықты сіңгеніне, сол санада ұлттық мүдделер мен басқа халықтардың мүдделері қаншалықты үйлесім тапқанына байланысты дамиды. Яғни, ұлтаралық қатынастар мәдениеті дегеніміз ұлттардың қамсыз-мұңсыз өмір сүруіне қажет мүлде жаңа сипаттағы рухани-парасат ортасының және ұлтаралық қатынастардың қалыптасуына

себепкер, әрі сол себептердің нәтижесінде қол жеткен ақтық нәтиже болып табылады [10].

Патриоттық тәрбие берудің бастау бұлағы халықтық педагогикадан нәр алады. Халықтық педагогика мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, қазіргі кезеңнің өзінде педагогика ғылымының басты қайнар көздерінің бірі болып табылады. Халық педагогикасындағы озық идеялар қай халықтың болсын тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланысты туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырған. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі - рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-кұлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне, басқаларынан өзгеше, әрі ерекше тарихи ұлттық дәстүрге байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре беру қажет.

Қазақ халқының сан ғасырлық тәжірибесіндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі ерлік, батырлық және азаматтық дәстүрлерді жалғастыру, бүгінгі күнмен сабақтастыру заман талабы болып табылады. Бірнеше мыңжылдық тарихы бар ата-бабамыздың бойындағы сыйластық, жомарттық, азаматтық және батырлық қасиеттерді бүгінгі ұрпаққа дарыту аса қажет. Ал ол халық педагогикасының құралдары арқылы мүмкін болады. Отансүйгіштікке тәрбиелейтін яғни, туған

жерге, Отанға деген ыстық ықыласты сезімге тәрбиелейтін мақал-мәтелдердің алатын орны өз алдына ерекше маңызды, оның оқушылардың патриоттық тәрбиесі үшін пайдасы мен атқаратын рөлі зор. Қазақ халқының мысалдап, мәтелдеп, мақалдап сөйлейтін ұлттық ерекшелігіне сәйкес мақал-мәтелдері мол. Ауыздан-ауызға тарайтын бұл жанр үнемі толығып отырады. Мақал-мәтел жас өрендерді еңбекке, адамгершілікке, елін сүйуге, достыққа, бірлікке тәрбиелейді. Оқушылардың туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін оятуда «Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Сағынған елін аңсайды, сары-ала қаз көлін аңсайды», «Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын», «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас», «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», «Отан үшін отқа түссең де күймейсің», «Отан оттан да ыстық», «Отаны бірдің - тілегі бір, жүрегі бір», т.б. мақал-мәтелдердің құндылығы орасан зор.

Қазақ халқының эпос шығармаларының да оқушылардың өз өлкесіне сүйіспеншілігін оятуда орны ерекше. Қазақ эпостарында еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, рулар мен тайпалардың өзара ізгілік қатынастары, әйелдерге, ақсақалдарға құрметпен қарау, адамгершілік, батылдық, балаларға қамқорлық, мейірбандық, туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілік, т.б. жырланады. Жыр кейіпкерлерінің туған өлкесінің табиғатына аялы көзқарасы, халқының салт-дәстүріне құрмет сезімі, жұртына адалдығы әрбір адамға үлгі-өнеге болып табылады.

Батырлар жырында («Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», т.б.) батырлардың өзінің туған елі, жері үшін басқыншыларға, билеуші-қанаушыларға қарсы ұлы батырлық істері, мінез-

құлқындағы ең жақсы қасиеттер – өлкесінің табиғатына деген сүйіспеншілік, халқына деген құрмет, туған бауырларына, жақын адамдарына бауырмашылдық, теңдесі жоқ ерлік, халқына шексіз берілгендік, туған елі үшін өзін құрбан етуге дайын тұрушылық ашылып көрсетіледі. Сонымен қатар ізгілік пен патриотизм, ержүректілік пен адамшылық, аға мен інінің қарым-қатынасы, батырлардың өзін қоршаған адамдарға қамқорлығы, бірлік пен татулық, ел мен елдің достығы, т.б. батырлар жыры мазмұнының негізгі өзегі болып табылады. Қазақ этнопедагогикасындағы батырлар жырында көтерілетін негізгі идея - отансүйгіштік. Халық туған елін, өскен жерін, өз халқын қорғайтын батырларды адамгершілігі мол ұлы бейне ретінде сомдап, қалың жұртшылыққа үлгі-өнеге ете білген. Осы айтылғандардың барлығы эпостық шығармалардың оқушылардың патриоттық тәрбиесінде жетекші роль атқаратындығын дәлелдейді.

Халқымыздың жауынгерлік және ерлік дәстүрлерінің мол тарихын ескере отырып, туған өлкеге сүйіспеншілікті қалыптастыруда, мектептің оқу-тәрбие жұмысында патриоттық қаһармандық ерлік дәстүрінің негізгі элементтерін, оның ішінде патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі ерлік және жауынгерлік тәрбие мазмұнын жан-жақты қамти отырып, кеңінен енгізу қажеттілігі өмір талабынан туындап отыр.

Педагогика тарихында патриоттық тәрбиенің негізі ерте заманнан-ақ ойшылдардың, ғұламалардың назарында болды. Олардың құнды идеялары атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге жетіп отыр. Ұлы ғұламалардың қалдырып кеткен тәлімдік ой-пікірлері сан ғасырлар тоғысынан өтсе де, ешқашан өз мәнін жойған жоқ,

керісінше олардың құндылығы жылдар өткен сайын арта түсуде.

Көне замандардан күні бүгінге дейін сақталып, тәуелсіздігін алып отырған халқымыздың тарихын саралайтын болсақ, ол сонау Күлтегін, Білгеқаған, Тоныкөк өмір сүрген көне түрік дәуірінің өзінде-ақ жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы болғандығын дәлелдейді. Екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «көк түркінің көк семсері» атанған атақты батыры Құтылығұлы Күлтегін ерлігін оның басына қойылған жазба ескерткіште Йоллығтегін былайша суреттейді: «Он алты жасқа келгенде... алты чуб, соғдыларға қарсы аттандық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Он тұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді. Ол әскерді сонда талқандадық. Жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен айқастық. Күл-тегін әуелі тадықан шораның Боз атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді. Екіншісінде Ышбыр Жамтардың Боз атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Үшіншісінде Сілікбек-иегінің Торы атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Күлтегіннің сауытына, қалқанына жүздеген оқ тиді, бірақ бірі де денесіне дарыған жоқ. Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде қырғыздарға қарсы аттандық. Күлтегін Байырқының Ақбоз айғырына мініп, шабуылға ұмтылды. Бір батырын оққа ұшырды, екі батырын найзамен түйреп түсірді. Ақбоз айғырдың белі үзілді. Қырғыз қағанын өлтіріп, елін алдық... Тоғу қаласында шайқастық. Күлтегін Азбан ағын мініп ұмтылды. Алты батырын шаншып түсіріп, жетіншісін қылышпен шапты. Тоғыз батырын қуып жетіп, тақымға басты... Оғыздармен соғыстық. Күлтегін Жетімек (Өгсіз) ақты мініп шауып, тоғыз ерін шаншты...Түргеш хақы жау болды. Күлтегінді шағын қолмен жібердік. Жойқын соғыс жасапты. қара

түргеш халқы сол жерде өлім тауыпты...». Осылайша жалғаса береді. Мұның өзі Күлтегіннің 47 жасқа жетіп, қаза тапқанша, жаумен ерлікпен шайқасып, елін, жерін қорғап отырғанын дәлелдейді [11.Б.41].

Елін-жерін құрметтеу, атамекенін көлденең келген жаудан қорғау, халықтың бірлігі мен ынтымақтастығын сақтау орта ғасырлық ғұламалар Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари мұраларында көрініс тапқан.

Әл-Фараби өзінің ««Ізгі қаланың тұрғындары», «Бақытқа жету жолдары», «Ғылымдар тізбегі» немесе «Ғылымдар энциклопедиясы», «Музыканың ұлы кітабы», т.б. еңбектерінде білім беру философиясы, этика, эстетика, адамгершілік мәселелерін қозғап, қоғамды кемелдендіруді, әрбір қоғам мүшесін бақытқа жеткізуді тереңнен тұжырымдаған. Сонымен бірге ғұламаның әрбір ой түйіндеуінен оның Отанына деген асқақ сезімін байқауға болады, әрбір философиялық ой-пікірлерінде туған елінің бүгінгі мен болашағына алаңдаушылық байқалып тұрады, халқы үшін қызметі оның патриоттық сана-сезімін білдіреді. Осы айтылған ойларды мына өлең жолдары дәлелдейді:

Кеткенім жоқ, елім сенен,
Атақ, бақыт, тақ іздеп,
Шықтым жалғыз, жұртым шалғай,
Ғылым атты шам іздеп.
Ақтадым мен ақ сүтінді,
Келгенінше шамамның.
Ассамдағы сексен жастан,
Сәбиіңмін, балаңмын ...
Айналайын, атам қыпшақ,
Туған жерді сағындым.

Өз атыңа, құрметіңе,
Қайда жүрсем табындым! [12]

Әл-Фарабидің патриоттық рухы Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында жалғасын табады. Қарахандық түркілерде әскери-жауынгерлік дәстүр жақсы дамығаны белгілі. Сондықтан Жүсіп Баласағұни дастанда әскери өнердің қыр-сырын тамаша суреттейді. Ол көне түркілерден мирас болып келе жатқан рухтылық, жауынгерлік, мәрттік, серілік, антқа беріктік, аманатқа адалдық қасиеттерді ұлағат тұтады. Сөйте тұра, ол халықтар арасындағы қантөгісті мінеп, бейбітшілік пен татулықтың туын жоғары көтереді. Оның ойынша, елдің береке-бірлігі, тыныштығы «қылыш» арқылы орнаса, оның атақ-даңқы, байлығы, білім мен оқудың өркендеуі «қалам» арқылы, яғни, ғылым арқылы келеді. Ақын «Қылыш күзейді, һәм жасытар, қалам түзеп, қазынасын тасытар» (2417-бәйіт) - деп, бейбіт тұрмысты бәрінен артық санайды [13]. Ж.Баласағұнидің тәлімдік ой-пікірлерін талдай отырып, оны меңгерудің нәтижесінде ғұламаның патриоттық тәрбие беру бойынша тұжырымдаған даналық қағидаларын бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың қажеттілігін көруге болады.

Кемеңгер ойшыл Махмұт Қашқари өзінің атақты «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі») еңбегінде өскелең ұрпақтың өз еліне деген сүйіспеншілігін, халқына деген құрмет сезімін, атамекеніне деген отаншылдық рухын тәрбиелеуге баса назар аударады. Отанды қорғау ошақ қасынан, отбасынан басталатыны туралы мынадай келелі ой түйіндейді:

Туыс, қоңсы-қолаңды,
Құрметте де қадірле,
Сыйын алып, одан да, жақсы тауар қарым бер [14].

Сонымен бірге «Отан дәстүр мен ұлттық мәдениеттен тұрады, Отаннан күдер ұзу болғанмен, дәстүр-салтты аттап кетуге жол жоқ» – деген мақалы оның Отанды құрметтеуге, Отанның салт-дәстүрін дәріптеуге бағытталған.

Жау қамалы алынды,
Қызыл байрақ қағылды,
Дұшпан шөптей шабылды,
Құтылмайды қашса да,
Талқандадым ерлерін,
Қансыратты шеңгелім,
Алтындардан теңдедім,

Бізден өтер жау бар ма? – [14] деп, ерлік жасауға үлгі болған ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы күресін, батырлардың қуат-күшін, майдан даласындағы шайқастарын, олардың соғыс өнерін жетік меңгергендігін ашып көрсетеді.

М.Қашқаридің жастарды елін-жерін сүйуге, қандай қиындық болмасын халқымен бірге көруге, атамекеннің даңқын көтеруге үндейтін мынадай ғибратты ойлары да көп нәрсені аңғартады:

Батыр майдан шебінде,
Дана жиында сыналады»;
«Кіріспе іске, әбдіреп, асықпай тұрып көріп ал,
Әбдіреп шақпақ шаққанда, шырақ та құлап сөнер ол»;
«Сорлы қонақ мұқтаж болып келсе егер,
Сарылтпа оны, бар асыңды тездеп бер!» немесе
«Дауыстап үлкен шақырса, тезірек бар жүгіріп,
Құрғақшылық жылы жұртты көр, қайда түссе, сонда түс!»), т.б. [14]

Халқымыздың біртуар азаматы, қазақ тарихын зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов, қазақ даласында тұңғыш мектеп ашып, болашаққа оқу-білім сәулесін таратқан

халқымыздың мәшһүр ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин, ұлы ғұлама Абай Құнанбаев, көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-ұстаз Ахмет Байтұрсынов, қазақ жерінде тұңғыш ұлттық педагогика, психология пәндерінің негізін қалаған Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың патриоттық тәрбие беру бойынша қалдырған асыл мұрасы кешегіні бүгінгімен жалғастырып келе жатқан игілігі мол қазына екені сөзсіз. Олардың шығармашылық асыл мұралары бұл күнде жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесінің төрінен орын алып, патриоттық тәрбие берудің дәрменді құралдарының біріне айналып отыр.

Ш.Уәлиханов өзінің патриоттық сезімін «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық), мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін» [15] деген ойлары арқылы білдіре отырып, патриоттық тәрбиенің жүйесін жобалайды. Ағартушының айтқан ой-пікірінде патриоттық тәрбие берудің мазмұны толығымен қарастырылған, яғни мұнда патриоттық тәрбие берудегі отбасының ролі, өлкетанудың қажеттілігі, ұлтжандылық, ұлтаралық қатынас мәселесі негізделген.

Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін оятуды үнемі мақсат етеді. Оның «Атаның баласы болма, Адамның баласы бол» деген қағидасының өзі патриоттық рухты, халық үшін қызмет етуді аңғартады [16].

Бүгінгі таңда педагогика ғылымының теориясы мен практикасында оқушыларға патриоттық тәрбие беру

мәселесі әрқырынан зерттеліп, бірнеше бағыттар бойынша қарастырылғаны мәлім:

- мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің теориялық және әдіснамалық негіздері Ю.К.Бабанский [17], Э.И.Моносзон [18], В.А.Сухомлинский [19;20], т.б. зерттеулерінде қарастырылып, патриоттық сана-сезім, патриотизмді қалыптастырудың мәні ашып көрсетілген;

- патриоттық және интернационалдық тәрбие берудің мазмұны, әдіс-тәсілдері мен формалары Э.Г.Абрамян [21], С.М.Ахмедов [22], И.Н.Качура [23], Н.С.Киямов [24], К.Г.Кожабаяев [25], С.Е.Лещинская [26], Ж.А.Мақатова [27], И.А.Меликова [28], А.Н.Тесленко [29], т.б. зерттеулерінде қарастырылған;

- оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие берудің әдістемесі С.А.Каримбеков [30], С.Нұрмұқашева [31], Ш.А.Шарапов [32], т.б. еңбектерінде айқындалған;

- халық педагогикасының озық дәстүрлері мен шығармашылығы, материалдары мен тәжірибесі арқылы патриоттық тәрбие беру мәселелері А.А.Бейсенбаева [33], Р.Н.Кенжебаева [34], Ж.К.Коидзе [35], Ж.Н.Қалиев [6], Т.Ә.Қоңыратбаева [36] және т.б. еңбектерінен орын алған;

- мектеп оқушыларына патриоттық үлгісін көрсеткен қайраткерлердің, батырлардың үлгі-өнегесі, майдангер жазушылардың шығармалары арқылы патриотизмге тәрбиелеу Б.С.Байменова [37], Е.Жұматаева [38], С.Т.Иманбаева [39], М.Ж.Құрманбаева [40], Д.С.Құсайынованың [41] зерттеулерінің негізі ретінде алынған;

- жоғары оқу орындарында студенттерге патриоттық тәрбие берудің мазмұны, формалары мен әдіс-тәсілдері А.К.Қалимолдаева [42], Е.С.Салтанов [43] және т.б. еңбектерінде зерттелген;

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қарасты ішкі істер әскерлерінің әскери қызметкерлерінде патриотизмді тәрбиелеуді педагогикалық тұрғыдан негіздеу мәселесін Ү.К.Санабаев [8] өз ғылыми зерттеу жұмысына арқау етіп алған.

Патриоттық тәрбие – жастарда жоғары патриоттық сананы, өз Отанына деген шынайы адалдықты, Отанның мүдесін қорғауда азаматтық борышты, маңызды конституциялық міндеттерді орындауға даярлықты қалыптастыру бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың жүргізетін көпжоспарлы, жүйелі, мақсатқа бағытталған және орталықтан реттелген қызметі [43].

Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты адамдар санасына патриоттық іс-әрекетке құштарлық сезімін оятатын моральдық-саяси, кәсіби және мінез-құлық қасиеттерін сіңіру болып табылады. Ал, патриоттық іс-әрекет дегеніміз – жеке адамның, әлеуметтік, ұлттық топтың Отан мүддесі үшін саналы түрде өз еркімен қызмет етуі. Патриоттық тәрбие жұмысының барысында Отанға деген сүйіспеншілік, жалпыұлттық намыс, елдің экономикалық, ғылыми, моральдық-саяси, әскери, тіпті спорт қуатын арттыруға, Отанды идеологиялық, саяси, қажет болса қарумен қорғауға әзірлік сезімі қалыптасады [10. Б.61].

Қазіргі қоғамның патриоттық санасы үш түсінікті құрайды: ұлттық-этникалық; жалпыадамзаттық және әлеуметтік-таптық. Ұлттық-этникалық дегеніміз – ұлттық намыс сезімі, Отанға деген, ұлт мәдениетіне, тіліне, т.б. деген сүйіспеншілік, Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, жалпықазақстандық патриотизм

республикадағы ұлттар өкілдерінің бәріне дерлік ортақ түсінік болу керек.

Қазақстандық патриоттық тәрбиенің мақсаты - жеке тұлғаның, әлеуметтік, ұлттық топтың патриоттық іс-әрекетке саналы түрде ұмтылуын анықтайтын саяси-моральдық, кәсіби, денешыңдау қасиеттерін қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизм қазақ ұлтының республикадағы басқа да ұлттармен өзара қатынасы негізінде мына принциптер бойынша жүзеге асады: өзара түсінушілік; материалдық және рухани құндылықтармен өзара алмасу; өзара көмек; ортақ мақсат, идеялар негізінде өзара қарым-қатынаста болуға саналы талпыныс; ұлттық және жалпыадамзаттық мүдденің табиғи үйлесімділігі; тең құқықтық, т.б. Бүгінгі жағдайда бұл принциптер қазақстандық патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал етеді [41. Б.11-12].

Патриоттық тәрбиенің мазмұны өзара бір-бірімен тығыз байланысты екі негізгі компоненттен тұрады. Оның біріншісі кең әлеуметтік-педагогикалық бағыттылығымен сипатталады. Ол мынадай элементтерге негізделеді: негізгі әлеуметтік, тарихи, адамгершілік, саяси, әскери және басқа мәселелер бойынша оң дүниетанымдық көзқарастар мен ұстанымдар, маңызды рухани адамгершілік, әрекеттілік сапалар (Отанға деген сүйіспеншілік, заңнамаларға сыйлы қатынас, конституциялық міндеттерді орындау және азаматтардың қауіпсіздігін сақтау алдындағы жауапкершілік, т.б.).

Патриоттық тәрбие мазмұнының әлеуметтік-педагогикалық компоненті оның өзегін құрайтын басты компонент болып табылады, өйткені бойында өзіне тән материалдары, көзқарасы, бағдары, қызығушылықтары, ұстанымдары, мотивтері бар қазақстандық азамат пен

патриоттың тұлғасын қалыптастырмай, Отан қорғау, әскери және басқа да мемлекеттік қызметке қатысты нақты міндеттердің табысты шешілуі мүмкін емес.

Бүгінде патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән арнайы компонентінің мәні артып отыр. Бұл компонент патриоттық тәрбиені алға қойылған нақты міндеттерге сәйкес саралап, негіздеп, әрі жан-жақты жүргізуді көздейді. Патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән арнайы компоненті неғұрлым нақты және әрекетті бағыттылығымен сипатталады. Қазіргі жағдайда патриоттық тәрбие мазмұнында басымдық танытатын рухани адамгершілік құндылықтар ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Отанды қорғауға даяр болу;
- моральдық-саяси оптимизм;
- ізгілендіру;
- бейбітшілік сүйгіштік, бейбіт өмір мен әлеуметтік прогресс;
- ерлік, отансүйгіштік қызметте көрінетін белсенділік;
- өз Отанына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезім;
- өз халқына, туған өлкеге, тіліне, мәдениетіне берілгендік;
- өзге ұлт өкілдеріне, олардың тіліне, мәдениетіне құрметпен қарау;
- ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, бүгінгіні тәрбиелеу үшін ерлікке толы өткенімізге, әскери, еңбек пен озық халық дәстүрлеріне адал, әрі берілген болу [40. Б.12].

Жоғарыда айтылғандар негізінде қазіргі таңда оқушыларға патриоттық тәрбие беру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Рухани-адамгершілік – тұлғаның жоғары құндылықтарды, мұраттар мен бағдарларды, әлеуметтік маңызды процестер мен шынайы өмірдің құбылыстарын

саналы түсінуі, оларды күнделікті іс-әрекеті мен мінез-құлқында негізгі принциптер, ұстанымдар ретінде басшылыққа алу қабілеті. Бұл бағыт жоғары мәдениеттілік пен білімділікті дамытуды, Отанға адал қызмет етуге даяр болуға итермелейтін идеяларды саналы түсінуді, мінез-құлықтың жоғары адамгершілік, кәсіби-этикалық нормаларын, шыншылдық, жауапкершілік және ұжымшылдық қасиеттерін қалыптастыруды көздейді.

2. Тарихи – біздің ата-бабаларымыздың тарихын танып-білу, Отанның, оның тағдырының қайталанбайтындығын саналы түсіну, ерлікке толы өткендегі төңкеріс, әскери, еңбек және халық дәстүрлеріне аялы көзқарас. Бұл бағыт Отанымыздың көпғасырлық тарихын, әлемдік тарихи процесте Қазақстанның алатын орны мен атқаратын ролін оқып-үйренуді, біздің халқымыздың менталитетінің, әдет-ғұрыптарының, наным-сенімдері мен дәстүрлерінің ерекшеліктерін түсінуді, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен өткен дәуірлердегі батырларымыздың, қайраткерлеріміздің, билеріміз бен хандарымыздың, халық құрметтеген азаматтарымыздың ерлік істерін дәріптеуді көздейді.

3. Саяси-құқықтық - мемлекет пен ар-ожданның бағынышты күшіне негізделген адамдар арасындағы нормалар мен ережелердің жиынтығы. Оның негізгі мақсаты - қоғамдық меншікті қорғау, халық үкіметін, демократияны, мемлекеттік заңдылық нормаларын, адамның құқықтары мен бостандығын қорғау. Біздің елімізде демократиялық құқықтық мемлекет орнатудың күн тәртібіне қойылуына байланысты құқықтық сананың маңызына назар аударылып, саяси-құқықтық бағыттың ролін арттыру көзделуде. Құқықтық нормаларды қоғамдық қатынастардың нақты практикасына ендіруге құқықтық

сананы жетілдіру, азаматтардың санасын ояту, қоғамдық пікір беделі мен заңның күшін мемлекеттік құқық қорғау органдарының көмегімен күшейту арқылы қол жеткізуге болады.

Құқық қоғам өмірінде бірнеше маңызды әлеуметтік функцияларды атқарады. Құқықтың негізгі қайнар көзі мемлекеттік құқықтың мәнін ашып көрсететін Ата Заң болып табылады. Ата Заңның негізінде қоғамдық өмірдің әрбір саласы (еңбек, азаматтық, меншік, кәсіпорын, кооперация, қоршаған ортаны қорғау туралы, әкімшілік, отбасылық, қылмыстық) бойынша заң актілері жасалып, әрекет етеді. Мұнда құқықтың реттеуші функциясы көрінеді.

Тәрбиелік функциясы демократиялық құқықтық мемлекетте адам тәртібінің негізі - оның белсенді және саналы түрде адамгершілік пен құқық нормаларын орындауы болып табылады. Осында педагогикалық және заң ғылымының өзара әрекеті негізделеді: педагогика адамгершілік нормаларын тәрбиелеуден құқыққа қарай, юриспруденция - құқықтан адамгершілікке қарай жылжиды. Екі ғылым да бір міндетті – тұлғаның бойында адамгершілік құқықтық мәдениетті қалыптастыруды көздейді.

4. Патриоттық – біздің қоғам мен мемлекетті, қазақстандықтардың ұлттық сана-сезімін, өмір салтын, дүниетанымы мен тағдырын қалыптастыру мен дамытудың ерекшеліктерін айқындайтын маңызды рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарды тәрбиелеу. Ол өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілік пен берілгендікті, халқының байлығы, ерлік істері мен дәстүрлері, мәдениеті үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруды, қоғам мен мемлекетке адал, шынайы қызмет етуді қамтиды.

5. Кәсіби-әрекеттілік – Отанға қызмет етумен байланысты еңбекке жауапкершілік пен борыштылық қатынасын, лауазымдық міндеттері мен қойылған міндеттерді табысты орындау мүддесі тұрғысынан кәсіби-еңбек сапаларын белсенді танытуға ұмтылушылықты қалыптастыру. Ол тұлғаның өзін-өзі кәсіби-әрекет тұрғысынан көрсетуінің мотивтерін, мақсаты мен міндеттерін, құндылық бағдарларын, еңбекте жоғары нәтижелерге қол жеткізуге кәсіби құштарлықтары пен ынтасын, міндетті жоғары тиімділікпен орындау және нақты мақсаттарға жету қабілетін, өзінің кәсіби тұрғыдан өсу жоспарын болжау және іске асыра білу білігін қамтиды.

6. Психологиялық – жастарда жоғары психологиялық беріктікті, кез келген жағдайда күрделі, әрі жауапты міндеттерді орындауға даярлықты, қиыншылықтарға төзімділікті, табысты өмір мен іс-әрекет үшін қажетті маңызды психологиялық қабілеттерді қалыптастыру. Ол әскери және басқа ұжымдарда әлеуметтік-психологиялық процестерді оқып-үйренуді және болжай білуді, жағымсыз құбылыстардың алдын-алуды мен девиантты мінез-құлықты болдырмауды, психологиялық қызбалылықты сабасына түсіруді, қозушылық жағдайын жоюды, іс-әрекет түрлерінің, мінез-құлық ережелері мен нормаларының, рухани материалдарының ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық сапаларды қалыптастыруды көздейді.

7. Әскери –патриоттық - жас жеткіншектерді әскери қызметке, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасының және өз халқының алдындағы азаматтық борышын өтеуге, тәуелсіз демократиялық Отанының сенімді қорғаушысы болуға даярлау, маңызды әскери дәстүрлерді игеруі және қазіргі заман қару-жарақтарын меңгеруі. Ол мынадай мәселелердің шешімін табуды көздейді:

- жастарды Қазақстан Республикасының Ата Заңымен, Отан қорғау, ҚР Қарулы Күштерінде әскери борышын өтеу туралы Заңдармен таныстыру;

- әскери істің тарихымен таныстыру;

- ҚР Қарулы Күштерінің және басқа жасақтардың міндеттерімен, құрылымымен таныстыру;

- азаматтық қорғаныс негіздерін оқыту;

- әскери істің негіздері бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру;

- Отан алдындағы әскери борышын өтеуге психологиялық даярлық беру;

- өлкетану және ізденіс жұмыстарын, Әскери Даңқ тарихы мектеп мұражайларының іс-әрекетін ұйымдастыру.

Бұл бағыттардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, рухани-адамгершілік және дүниетанымдық негіздері, принциптері, формалары мен әдістері тұрғысынан іс-әрекет барысында өзара бірлікте жүзеге асырылады.

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, мазмұны мен принциптері мектеп практикасында белгілі бір жүйе арқылы іске асырылады. Жүйе – бұл белгілі бір тұтастықты құрайтын өзара байланысты элементтердің кешені; олар өзара байланысты, бір-біріне тәуелді бола отырып, өзара әрекет етуі негізінде тұтас бірлікті құрайтын элементтердің (компоненттердің) реттелген жиыны [44. С.5-252].

Патриоттық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу соған сәйкес тәрбие жұмысы формаларының тұтас кешенін пайдалануды көздейді, оларды шартты түрде екі негізгі топқа бөлуге болады:

- бірінші топ патриоттық тәрбие мазмұнының жалпы дамытушылық компонентіне негізделген, жалпы

патриоттық сипаттағы неғұрлым кең, әрі көптүрлі формаларды қамтиды. Олар оқу-тәрбие мекемелерінде негізгі тәрбиелік шаралар (әңгімелесулер, кештер, «дөңгелек үстел», кездесулер, т.с.с.) немесе факультативтерде, үйірмелерде, курстарда, секцияларда қосымша оқу сабақтары түрінде өткізіледі;

- екінші топ патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән ерекшелігіне негізделген, көптүрлі емес және көп жағдайда әскери және әскери-қолданбалы бағыттылықпен сипатталады. Бұл формалар негізінен практикалық сабақтар, жұмыстар, әскери ойындар түрінде өткізіліп, жасөспірімдерді әскери бөлімшелердің өмірі мен қызметімен және әскер қызметшілерінің тұрмысымен, қызметімен таныстыруды көздейді.

Еліміздің егемендігін нығайту жағдайында жас ұрпақты Отаншылдыққа тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйетін, ана-тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету үшін оқушыларға патриоттық тәрбие беру жүйесінің тиімділігін арттырудың бағыттары мен шарттарын айқындап алудың маңызы зор:

- ақпараттық-түсіндірмелік тұрғыдан қамтамасыз ету – мемлекет пен қоғам мүддесімен тығыз байланыста оқушылардың санасында маңызды құндылық ретінде патриотизмді, конституциялық борышты, Отанға адал қызмет етуді сіңіру; осы мақсатта бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді пайдалану; әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кірудің өзектілігі мен қажеттілігі тұрғысында насихат айту, иландыру;

- ғылыми-теориялық тұрғыдан қамтамасыз ету – қазіргі жағдайда жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша зерттеу жұмыстарын белсендіру, алдыңғы қатарлы тәжірибені кеңінен пайдалану. Мемлекетіміздің

ұлттық мәдени тұрғыдын кемелденуі тәрбие жұмысының мазмұнын мәдени, тарихи, рухани-адамгершілік, өлкетану және басқа да компоненттермен толықтырып, байытып, әлеуметтік-гуманитарлық, қазіргі педагогикалық ойлар саласындағы маңызды жетістіктерді ендіруді қажет етеді;

- педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету - әртүрлі формада патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру мен өткізу бойынша оқу және арнайы бағдарламалар кешенін, жаңа әдістемелерді, педагогикалық технологияларды жасау, оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу негізінде педагогикалық оқу құралдарын кеңінен пайдалану; патриоттық тәрбие беру формалары мен әдістерін жетілдіру; инновацияларға, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибеге сәйкес осы жұмыс аумағын ұйымдастыруға қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттерді үнемі басып шығару;

- білім беру мекемелері мен әлеуметтік институттардың өзара бірлескен іс-әрекетін қамтамасыз ету – мектеп пен әлеуметтік институттардың жастарға патриоттық тәрбие беру бойынша бірлескен тәрбиелік іс-шараларын жоспарын құру, тәрбие жұмыстарының бір бағыттылығы мен жүйелілігін, үйлесімділігі мен бірізділігін оңтайландыру.

Сонымен біз білім беруді диверсификациялау жағдайында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әлеуметтік-педагогикалық мәнін аша отырып, қазіргі кезде оқушыларға патриоттық тәрбие беру жүйесінде орын алып отырған проблемаларды айқындауға да талпыныс жасадық. Сондай проблемалардың бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты болашақ қоғамның тізгінін ұстайтын жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жетілдіру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы өлкетану материалдарын пайдалану болып

табылады. Сондықтан келесі параграфта өлкетану материалдары арқылы жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері мен жолдары туралы сөз болады.

1.2 Өлкетану материалдары арқылы жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері мен жолдары

Өлкетану ұғымы әртүрлі мазмұнды білдіретін көп мағыналы термин болып табылады. XX ғасырдың 20-шы жылдарында ол әкімшілік, саяси немесе шаруашылық белгілері бойынша ерекшеленіп тұратын қандай да бір шағын территорияны оқып-үйрену әдісі ретінде қарастырылды. 30-шы жылдары өлкетану «өзінің өлкесін жан-жақты оқып-үйрену негізінде оның социалистік құрылысына белсене қатынасқан жергілікті еңбекшіл халықты біріктіретін қоғамдық қозғалыс» ретінде анықталды. Сонымен бірге өлкетануды өзінің зерттеу пәні бар ерекше ғылым деген де пікірлер қалыптаса бастады [45].

Бүгінгі таңда өлкетану ұғымының бірнеше анықтамасы бар:

- өлкетану – белгілі бір елдің бөлігін, қаланы немесе ауылды, сонымен бірге терриотриясы туған өлке деп саналатын жергілікті халықтың мекенін (атамекен) жан-жақты оқып-үйрену;

- өлкетану – шағын елтану, туған өлкенің географиясы;

- өлкетану – жаратылыстану және қоғамдық зерттеулердің кешені, ол туған өлкенің табиғатын, халқын,

шаруашылығын, тарихын және мәдениетін зерттейді; кешенді өлкетану осы мәселелердің барлығын өзара бірлікте қарастырады, салалық өлкетану жекеленген бөлімдерін оқып-үйренеді –географиялық өлкетану, тарихи өлкетану, этнографиялық өлкетану, топонимикалық өлкетану; табиғатты, мәдени ескерткіштерді және т.б. қорғаумен байланысты өлкетану саласы дамып келе жатыр; өлкетануда қолданылатын негізгі әдіс - өлке, оның шаруашылық және мәдени дамуы туралы білімді кеңейтуге ықпал ететін ақпараттарды, мәдени мұраны, пайдалы қазбалардың үлгілерін және т.б. жинау; өлкетанудың қоғамдық-саяси және мәдени ағартушылық мәні зор, оқу-тәрбие процесінде ерекше роль атқарады [46];

- өлкетану - қандай да бір өлкенің географиясы, этнографиясы, экономикасы және т.б. туралы білім;

- өлкетану – мазмұны мен зерттеудің жеке әдістері жағынан әртүрлі, бірақ өзінің тұтастығы бойынша өлкені ғылыми және жан-жақты тануға жетелейтін пәндер жиынтығы.

Ресейлік философ-өлкетанушы ғалым Г.П.Пирожков өлкетануды әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырады: өлкетану іс-әрекеті туралы ғылым; ғылыми пәндер кешені; адамның өз жеріндегі өмірлік тіршілігін сипаттайтын білім саласы; педагогикалық категория – ұрпақтан ұрпаққа бейімделген тәжірибені жеткізу механизмі; ғылыми, өндірістік, өздігінен білім алу міндеттерін шешу мақсатында белгілі бір аймақты оқып-үйрену бойынша жүргізілетін кез келген іс-әрекет; мемлекеттік және қоғамдық өмірді ұйымдастыру мен реттеудің маңызды тарихи формасы, нормалардың, құндылықтардың, мәдени үлгілердің жиынтығын білдіреді [47].

Белгілі педагог-ғалым Т.Шонанов аймақтану жағрафиясы мәселесімен айналыса отырып, өзінің «Мектепте аймақтану жағрафияны оқыту әдісінің жемісі», «Жағрафияның алғашқы сабақтары», «Қазақстан жағрафиясы», т.б. еңбектерінде өлкетануды қоршаған орта арқылы оқушыларға оқыту мен тәрбие беру әдісі ретінде анықтайды [48].

Профессор С.Асфендияров өлкетанудың оқушылардың танымын арттырудағы, ой-өрісін кеңейтудегі ролін ерекше бағалай отырып, оны өз Отанын, ұлтын сүйуге тәрбиелейтін, табиғи байлықтарын игеруге ықпал ететін бірден-бір пән деп атап көрсетті. Ол өлкетануды туған өлкенің тарихын, этнографиясын, әдебиетін, мәдениетін, табиғатын, халық шаруашылығын оқып-үйренуді біріктіретін, оқыту мен тәрбиелеудің маңызды бір педагогикалық құрамдас бөлігі ретінде кешенді пән деп қарастырады [49].

Өлкетану пәнаралық білім саласы болып табылады, себебі ол география, тарих, биография, демография, фольклор, әдебиеттану, экологиялық, әлеуметтану, мұражайтану, библиография, педагогика мәселелерін қамтиды. Бұл идеяны ресейлік өлкетанушы ғалым С.О.Шмидт та қолдайды, ол «өлкетанулық білім – кешенді білім: географиялық, экологиялық, тарихи және кең түрде – тарихи-мәдени (тарих-әдебиет, тарих-экономика), өлкетану әдісі пәнаралық ғылыми байланыстарға сүйенеді және ғылыми теориялар мен қарапайым күнделікті тұрмыс тәжірибесінің қорытындыларын есепке алады, өлкетану ғылыми, ғылыми-ағартушылық және қоғамдық іс-әрекетті біріктіреді, онымен ғалым-мамандар да, жергілікті халық та қатынаса алады» [50. С.4-5.] – деп атап көрсеткен болатын. Өлкетанудың адамның білімі мен іс-әрекетінің әртүрімен

байланысты болуы оның атқаратын қызметінің күрделілігін айқындайды.

Өлкетанудың атқаратын қызметін былай бөліп көрсетуге болады [51]:

1. Мәдениетті қалыптастыру. Өлкетану жаңа ұрпақтың адамзаттың тарихи ескерткішін, әсіресе тәрбиелі адам жанының өзегін оятатын рулық, аймақтық ескерткіштерді сақтау және игеру міндетін шешеді. Олай болса, өлкетанусыз адамзаттың тіршілік етуі мүмкін емес. Адамның адам болып қалыптасуы үшін әр адам үнемі әлеуметтік-мәдени дамудың үрдісіне ілесіп, адамзат қоғамы жасаған мәдени үлгілерді өз бетімен меңгеруі қажет.

2. Мәдениетті біріктіру. Өлкетану өлке тұрғындарын тірі әлеуметтік ағзаға біріктіруді қамтамасыз етеді. Өлкетанумен айналысатын адам ата-бабаларының еңбегін жалғастырады және ұрпағының рухани ой-өрісін қалыптастырады. Олай болса, өлкетану адамның өмірге белсенді, саналы көзқарасын қалыптастыру тәсілі, бір жерде тұратын адамдарды жаппай өзіндік ұйымдастыру тәсілі болып саналады.

3. Тәрбиелеу. Өлкетану әр дәуірдегі ұрпақ өкілдерінің рухани байланысын қамтамасыз етеді. Ол ата-баба мұрасына сыйлы көзқарасты қалыптастырады. Өлкетану әрбір ұрпаққа тарихи келешектегі өз орнын және алдында тұрған міндеттерді саналы түсінуге мүмкіндік береді.

4. Ағарту. Өлкетану ғылым мен ағартуды, мәдениетті байланыстыра отырып, үнемі әртүрлі формада насихаттау, таныту іс-әрекетін атқарады. Және бұл іс-әрекет өлкетануда ғылыми-зерттеумен қатар емес, онымен тығыз байланыста жүзеге асырылады, яғни өлкетану сабақтары жай ғылыми зерттеу емес, ол адам сол арқылы өзінің халық тағдырымен байланысын сезінгенде ғана табысты болады. Сондықтан

нағыз өлкетанушыда әрқашан алдыңғы ұрпақтың мәдени мұрасын игертуге көп адамдарды тарту қажеттілігі артып отырады. Осындай мектепте тәрбиеленген адам шынымен білімді болады. Ол өз елінің мәдениетін білетін және дамытатын болады, сонымен бірге басқа мәдениет өкілдеріне аса құрметпен қарап, ешқашан басқа мәдени ескерткіштерді жоймайтын болады. Осы мектептен өте отырып, адам мәдениеттің тарихи қалыптасуына өзінің үлесін қосады, сол арқылы сый-құрметке, беделге, шынайы зиялылыққа ие болады.

5. Адамгершілік. Адамгершілік борыш сезімі - өлкетану іс-әрекетін маңызды ынталандырушы күш. Адам өзінің кәсіби қызметінің туған жердің тарихымен, тағдырымен байланысын сезінгенде және тарихи ескерткіштерді сақтаудың жауапкершілікті іс екендігін мойындағанда ғана өлкетанумен айналысады. Өлкетану арқылы туған жердің тарихи ескерткіштерін сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы адамдар бір топқа бірігетін болса, ол қозғалысшылардың ағартушылық және ұйымдастырушылық жұмысының арқасында мүмкін болады, мұның өзі басқалар үшін адамгершіліктің үлгісі болып табылады. Өлкетануды оқу қажет емес, өлкетанушы болу керек. Ол үшін рухани дамудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізу қажет, сонда өлкетанумен айналысу адамгершілік қажеттілікке айналады.

Өлкетанудың басты миссиясы адамдардың Отанға, өзінің туған жеріне, туған үйіне, отбасына сүйіспеншілігін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Өлкетану ол әрқашан да өлкені сүю деген ұғыммен қатар тұрады. Бұл қағиданы С.О.Шмидт былай ашып көрсетеді: «Өлкетану біздің бастауларымызға, туған жерімізге... қызығушылықты

оятады және сыйлы көзқарасты тәрбиелейді. Оның ықпалы біздің ақылымызға да, жан-дүниемізге де күшті» [52].

Өлкетану арқылы тарихтың - халық тарихы, адамның арғы тегі - оның өз отбасының, өз халқының тарихы мен дәстүрлері, туған өлкесі мен елінің өткені екендігін түсінуге мүмкіндік туады; тарихи процестің барысында ұрпақтан-ұрпаққа өлкетану арқылы мәңгілік, өзгермейтін құндылықтар беріліп отырады, олар: еңбексүйгіштік, шыншылдық, әділдік, ұлттық намыс сезімі, халықтар достығы, аға ұрпақ өкілдерін сыйлау, борыш, қайырымдылық, өз жерінің иесі ретіндегі сезімі; еңбек – адамның әл-ауқаты мен рухани және тұрмыстық байлығының көзі, қоғамның табысты дамуының шарты.

Өркениетті, дамыған елдер тәжірибесінде өз мемлекетінің барлық азаматтарын тарихи біліммен қаруландыруға ұмтылыс жоғары, себебі өз халқының, өз елінің тарихын білу Отанына деген құрметті көрсетеді, мұның өзі әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінуін, әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылуын көздейді. Мәселен, Балтық жағалауы елдерінде ертеде мынадай дәстүр болған. Ер бала 18 жасқа толғанда әкесі оны шекараға әкеліп жон арқасын жалаңаштап: «Мынау сенің жерің, мынау сенің жерің! Қазірше әкең дүрелеп тұр, айырылып қалсаң, жаттың бишігінің астында ғұмыр бойы жүрелеп құл боп өтесің», - деп сабап, отаншылдық қасиетті қамшымен сіңіреді екен [53. Б.132].

Қазақстанда тұрақты тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы. Адамның жақсы, бақытты өмір сүруі көп жағдайда Отанға деген сүйіспеншілігіне

байланысты. Отанын сүйе білген, Отанын көркейту үшін аянбай еңбек еткен адамда бәрі де: үй-жай да, құрмет те, қызмет те, алға жетелейтін шексіз арман да болады.

Отан адамның туып-өскен жерінен басталады. Әркімнің туып-өскен ауылы, кенті, қаласы – оның кіші Отаны. Ол – үлкен Отанның, Қазақстан Республикасының құрамдас бөлігі. Өйткені, әрбір ауыл, қала бүкіл Республикамен тығыз байланысты. Бүкіл елде болып жатқан тыныс-тіршілік оның түкпірінде де жалғасын табады. Академик М.Қозыбаев «Отан – қазақта от басынан шығады. Ол сенің үйің, ордаң, туған жерің, елің, халқың. Шын мәнінде Отан ананың құрсағында, нәрестені салған бесігінен басталса керек» - дей отырып [54], Отанға деген сүйіспеншілікті отбасы, ошақ қасынан бастау керек екендігіне ерекше мән береді.

Атамекен – халқымыздың ерте заманнан бері мекендеп, суын ішіп, өсіп-өніп, өмір сүріп келе жатқан кең байтақ жері. Атамекен дегенде алдымызға айдын шалқар көлдері мен мөлдір бастау қайнарлары, сарқырай аққан тасқынды өзендері, алып таулары мен жасыл желек жамылған сыңсыған орман-тоғайлар, кең байтақ, ұланғайыр далалар келеді. Сондықтан әрбір оқушы, ең алдымен, өзінің туып-өскен жерінің тарихын жақсы білуі керек. Осы мақсатпен мектептерде туған қаланың немесе ауылдың туған күндерін, мерейтойларын өткізу арқылы оның тарихымен оқушыларды таныстыруға, үнемі естеріне түсіріп отыруға мүмкіндік бар. Өлкенің мерейтойларын немесе туған күндерін атап өту әрбір оқушының өзінің туып-өсіп келе жатқан өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттырады, әрбір жыл сайын жеткен жетістіктеріне қуаныш сезімдерін ұялатып, өздерінің де

туған өлкелерін көркейту үшін үлес қосуға деген ұмытылыстарын, құштарлықтарын оятады.

Әрбір өлке өзінің халқымен бай. Халықтың ішінде Отан үшін еңбек етіп, абыройға, атаққа ие болған батырлар, көрнекті ғалымдар, еңбек ардагерлері, құрметті азаматтар бар. Олар да жастарға тамаша батырлықтың, ерліктің, құрметтің үлгі-өнегесі бола отырып, патриоттық тәрбие берудің көзі бола алады.

Батыр – адам баласы, өмірдің бір сәтінде үрейден, қорқыныштан, өлімнен ар-намысты жоғары қойып, ата дәстүрін жалғап, ұлт мүддесін ту етіп ұстаған қаһарман. Біздің қазақ халқы әрқашан батырларға табынған, ерекше тағзым еткен. Халық «батыр» деген құрметті де, құдіретті игі атақты екінің біріне бермеген. Біреулердің батырлығы – сөз, шешендік саласында көрінген. Билік айтып, әділдігіне жүгінуге де жүрек батырлығы керек екені даусыз. Екіншілердің батырлығы – қан майданда танылған. Олардың бірі қолбасшылығымен жарқ етіп көрінсе, екіншілері жау өтінде қалып, қанша соғыс салып, жау екпінін өздеріне ала білген сәтте елді сүйсіндірген.

Батыр – адамгершіліктің биік шыңы, ол қажырлы да қайратты, тапқыр, халық батырларының өнерін, қабілетін жақсы білген, даналар хан алдында қайыспай, «Бас кесе де, тіл кеспек жоқ» деген заманда шындықты айтқан, жоғары мәртебелі тарихи қайраткер. Әр адамның ең құрметті де, абыройлы қасиеті – сын сағатта елін қорғауы, жерін қорғауы, ар-намысын қорғауы.

Сонымен бірге оқушыларға патриоттық тәрбие беруде өзі туып, бүгінде өмір сүріп жатқан өлкесінің рухани-мәдени материалдарымен де таныстыру ерекше мәнге ие болады. Оларға сол аймақта орналасқан өндіріс, оқу, ғылым, денсаулық, спорт және мәдени орталықтары

жатады. Топсеруендер ұйымдастыру және осы орталықтардың қызметкерлерімен кездесулер, рухани кештер өткізу оқушыларға сол елді мекенде еліміздің экономикасын, білімін, ғылымын, спортын және мәдениетін дамыту бойынша істелініп жатқан игі шаралармен таныстыруға мүмкіндік береді және олардың барлығы сол өлкенің адамдарының қолымен, күшімен жасалынып жатқанын түсінуге, көруге жағдай жасайды. Мұның өзі оқушыларды өз өлкесі үшін еңбек ету қажеттігін, өз өлкесін өркендету үшін үлес қосу керектігін саналы патриоттық тұрғыдан сезінуге тәрбиелейді.

Оқушылардың патриоттық санасын оятуда әрбір өлкенің дамудың қай жағынан болмасын жеткен жетістіктері де ерекше мәнге ие болады. Өндіріс саласында, ғылым, мәдениет, спорт, т.б. салада қол жеткізген табыстар әрбір оқушының бойында мақтаныш сезімін ұялатады. Өз өлкесінің қаһармандарының жетістіктері барлық сол елдің, өлкенің жетістігі болып табылады. Сондықтан үнемі әрбір мұғалім сабақта және сабақтан тыс уақытта өткізілетін тәрбиелік шараларда өлкеде болып жатқан жаңалықтармен оқушыларды хабардар етіп, нақты мағлұматтар арқылы жеткен жетістіктерді ерекше мақтаныш сезіммен әңгімелеп беріп отырудың маңызы зор.

Өлкетану материалдары арқылы туған жеріне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыруда нақты айғақтың, деректер мен тарихи құжаттардың шындықты дәлелдеп отыратынын айта келіп, өлкетану жұмыстарының бүгінгі мазмұнын патриоттық тәрбиемен байланыстыру аса қажет деп санаймыз. Патриоттық тәрбие беруде арқау

болатын өлкетану материалдарының негізгі мазмұны мынадай мәселелерді қамтығаны жөн деп санаймыз:

- өлкенің тарихы (өлкенің кеңес дәуірі келгенге дейінгі тарихы; төңкеріс кезіндегі тарихы; тәуелсіздік жолындағы күрес тарихы; өлкенің қазіргі таңдағы тарихы);

- өлкенің табиғаты және табиғи қорлары;

- өлкеден шыққан батырлардың, халық қаһармандарының, ғылым, мәдениет және спорт қайраткерлерінің ерлігі мен ерен еңбегі;

- мәдени құндылықтар, т.б.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде өлкетану құралдары - мұражайлардың, ескерткіштер мен ескерткіш тақталарының, әдеби және мәдени шығармалардың, театрдың, өнердің алатын орны ерекше. Сондықтан оқушылармен топсеруендер ұйымдастыру, кештер, әңгімелесулер, пікірталастар өткізу керек.

Өлкетану материалдары арқылы патриоттық тәрбие беруді мынадай деңгейлер бойынша жүзеге асыруға болады:

- бірінші деңгей – оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатымен туған өлке туралы мұғалімнің «дайын» білімді оқу құралдары мен бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен ұсынуы;

- екінші деңгей – оқушылардың өз бетімен туған өлкені танып-білуі, мұндай білімнің көзі – оқу құралдарымен қатар, ғылыми-танымдық және ғылыми әдебиеттер, электрондық оқу бағдарламалары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы баспасөз материалдары, мектеп және мемлекеттік мұражай материалдары, Интернет ресурстары болып табылады;

- үшінші деңгей – оқушылардың терең зерттеу жүргізуі барысында туған өлкесінің материалдарын игеруі.

Мұнда оқушылар жас ғалым-зерттеушілер ролін атқарады, олар көбінесе өлкетану үйірмелерінің және оқушылардың ғылыми қоғамдарының мүшелері, факультатив тыңдаушылары болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беруде үш деңгей де сәйкес келеді, себебі олардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйес оқу іс-әрекетінде танымдықтан гөрі ізденушілік, зерттеушілік сипат басым.

Жоғары сынып жасындағы шақ тіршіліктің қайнаған кезімен және ағзаның шапшаң дамуымен сипатталады: дене жағынан жетілу, тұлғаның қарқынды қалыптасуы, моральдық және санаткерлік сапалардың өсуі байқалады.

2 Өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру

2.1 Өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ерекшеліктері

Жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беруде өлкетану материалдарын пайдаланудың мүмкіндіктері жоғары екендігі анықталған соң, олардың ерекшеліктерін бөліп көрсету қажет. Біздің тәжірибеміздің аумағында Қарағанды аймағының өлкетану материалдары қарастырылады.

Қарағанды аймағы бойынша өлкетану материалдарын пайдалану арқылы жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің өзіндік ерекшеліктері бар. Оларды былай бөліп көрсетуге болады:

біріншіден, патриоттық тәрбие берудің мазмұнына Қарағанды аймағының тарихы, сәулеті, мәдениеті, ғылымы, білімі, батырларының ерлігі мен халқының еңбегі арқау болады;

екіншіден, жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері Қарағанды қаласы бойынша өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруға толық мүмкіндік береді;

үшіншіден, аймақтың өлкетану материалдарын пайдалану сыныптан тыс уақытта Қарағанды қаласы бойынша танымжорық, саяхат, топсеруендер, т.с.с. жұмыс түрлерін ұйымдастыруды көздейді;

төртіншіден, патриотизмді қалыптастыру мақсатында Қарағанды қаласының тарихы, табиғаты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, өнері, ғылымы, т.с.с. бойынша әртүрлі дерек көздерін, мұрағат қорларын және мұражай материалдарын қолдануымен ерекшеленеді.

Енді осы ерекшеліктерді толығырақ ашып көрсетейік.

Кеншілер астанасы – Қарағанды қаласы мәдениеті дамып, саяси өмірі қайнаған ірі өндіріс орталығы ретінде бүкіл әлемге танымал. «Өткеніңді ұмытсаң, өшкеніңнің белгісі, өткеніңді еске алсаң, өскеніңнің белгісі!» - деп халық даналығы айтқандай, шәкірттеріміз-жастарымыз әлем таныған қаламыздың көне тарихын, мәдениеті мен өнерін біліп өссе, күн санап қанат жайып, көркейіп келе жатқан әсем қаланың бүгінгісіне қуана білсе, келешегін ойымен барлай алса, «Менің Отаным», «Менің сүйікті қалам», «Менің Қарағандым», – деген асқақ ой, ыстық сезім жүректерінде ұяласа, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазақстанның өндіріс тарихында Қарағандының алатын орны үлкен. Өйткені шын мәніндегі жұмысшылар алғаш рет және үлкен көлемде осы Қарағанды және оның айналасындағы кен орындары мен завод, фабрикаларда ұйымдасты. Сондықтан болар Қарағанды тақырыбы әдебиетте шоқтығы биік тақырыптардың қатарынан орын алды. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, алғашқы өнеркәсіп орындарының бірі болған Қарағанды қазақ халқының тарихына жаңа беттер, жақсы дәстүрлер қоса білді. Оның өткені мен бүгінгісі және келешегі жайында ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде көп туындылар бар. Мәселен, Ілияс Манкин секілді жері халық ақындарының жырларында төңкерістің алдындағы кеншілер өмірінің жай-күйі шыншылдықпен суреттеледі. Оның шығармаларында капиталистердің жұмысшыларды аяусыз қанағандығы жөнінде ауыр қиыншылық еңбек адамдарының пролетарлық ынтымағын күшейткендігі туралы, орыс пен қазақ жұмысшыларының достығы жайында жырлаған жолдар кездеседі. Қарағандының жұмысшыларының өмірінің түрлі саласын Доскей, Шашубай, Көшен Елеуов, Ғабдиман Игенсартов тәрізді

ақындардың шығармаларынан да көруге болады. Ақындардың жырлары арнаулы кітап болып та басылған [55].

Жазба әдебиетінде де көптеген ұлы тұлғаларымыз Қарағанды тақырыбына қалам тартқанын атап өту керек. 30-жылдардағы кеңес әдебиетінде Қарағандының аты өте жиі ұшырайды. Кеннің озық адамдары туралы, ескі мен жаңаның күресі, прогресшіл салт-сананың орнығуы жайында сан алуан әңгіме, очерк, публистикалық мақалалар басылған. Қарағандының қаһарман еңбекшілерінің Отан, халық үшін жан аямай еткен қажырлы еңбегін жырлаған жазба әдебиеті өкілдерінен С.Сейфуллинді («Жұмыскерлерге»), С.Мұқановты («Көмір-коммунизм»), Ө.Тұрманжановтікі («Қара алтын»), т.б. атауға болады. Қарағанды жайлы жазылған драматургиялық шығармалар бар. Бұл ретте М.Әуезовтың «Сын сағатта», Ә.Әбішевтің «Достық пен махаббат», Ж.Шаниннің «Шахта» деген пьесаларын атау керек.

Жазба әдебиетте Қарағанды тақырыбының ең биік шыңға көтерілуі Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» (1-кітап, 1953), «Жат қолында» (2-кітап, 1984) және Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» (1952) романдарымен байланысты. Сондықтан бұл екі шығарма қамтыған тақырыбы, алған оқиғалары, жасаған образдары жағынан қазақ әдебиетінде тың туындылар болып табылады.

Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романында Қазақстанның тарихындағы аса маңызды оқиға – қазақ даласына капиталистік элементтердің келе бастауы, шахталардың ашылуы, заводтардың салынуы, жұмысшылар тобының ұйысуы жайлы сөз болады. Онда Қарағанды кенінің табылуы, оның орыс капиталистерінің қандай жолмен сатып алғандығы, бұл іске кімдердің араласқаны

жайында көптеген мәліметтер бар [56]. «Жат қолында» романында «Оянған өлке» романыдағы оқиғалар ілгері дамып, заңды түрде жалғастырылады. Оларда төңкеріске дейінгі Қарағандыда қазақ жұмысшы табының қалыптасуы көркем бейнеленеді.

Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романының басты кейіпкерлері Қарағанды кеншілері болып табылады, онда кеңестік дәуірде Қарағандының даму барысы суреттеледі [57].

Қандай да болмасын көркем шығарма өмірдің шыншыл бейнесін беруге тиіс. Қоғамдық тіршіліктің ең шешуші салаларын іріктеп көрсете алған шығармалар ғана тәрбиелік, эстетикалық және патриоттық мәнге ие болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, аталмыш романдардың көптеген өмір материалдарын, тарихи фактілерді зерттеу, салыстыру, жинақтау негізінде туғаны айқын байқалады. Көптеген жер аттары да, адам аттары да, оқиғаның өрістеулері де тарихи шындықтың ізін танытады. Дегенмен, көркем шығарма өмір материалының ешқашан көшірмесі болмайды. Сондықтан Қарағанды тарихына байланысты көптеген адамдардың көркем бейнесінде елеулі өзгешеліктердің болуы әбден табиғи құбылыс болып табылады. Өлкенің тарихын қамтитын осындай баға жетпес дүниелер жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру процесінде құндылықтар ретінде негізге алынды.

Аймақтың өлкетану материалдары арқылы патриоттық тәрбие берудің міндеттерін, мазмұны мен әдіс-тәсілдерін, формаларын айқындауда жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың бойында патриоттық сапаларды қалыптастыру процесінде әрқайсысына дербестік тұрғыдан қарау қажет.

Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес мүмкіндіктің бірі олардың өз бетімен әрекет ете алуы, өз істеріне жауапкершілікпен қарай алуы, оқушылар ұйымдарында өз жұмыстарын ұйымдастыра алуы болып табылады, мұның өзі олардың өмірмен тығыз байланысын орнатып, рухани-патриоттық сезімдерін дамытады, әрі тереңдетеді. Жоғары сыныптарда оқушылар ұйымы ерекше роль атқарады. Бұл ұйымдар оқушыларды қоғамдық, қоғамдық-пайдалы және қоғамдық саяси жұмыстарға баули отырып, олардың бойында қоғамдық өмір мен іс-әрекет үшін қажетті ұйымдастыру біліктері мен дағдыларын қалыптастырады, қоғамдық және қоғамдық-саяси мүдденің кең шеңберіне жол ашады, шынайы демократизм мен қоғамға риясыз қызмет ету рухын оятады. Мектептегі оқушылар ұйымдары өз күштерімен әрекет етуге және болашаққа жетелейтін қиял қағидаларына құрыла отырып, жоғары сынып оқушыларының шығармашылық және қоғамдық белсенділігін дамытады. Мұның бәрі жоғары сынып оқушыларына аймақтың өлкетану материалдары арқылы патриоттық тәрбие берудің қажетті шарты болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері аймақтың өлкетану материалдарын пайдалану арқылы патриоттық тәрбие беру ісінде сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формаларын, әсіресе танымжорық, саяхат, топсеруендер ұйымдастыруға мол мүмкіндік беріп, кеңінен жол ашады, мұның өзі саяхаттық өлкетану барысында оқушылардың саналы патриоттық сезімдерінің пайда болуына, дамуына және тереңдеуіне ықпал етеді, олардың патриоттық сенімдерін орнықтыруға, ой-өрістерін кеңейтуге, іс-әрекет тәсілдерін жетілдіруге мүмкіндік береді, патриоттық тәрбие беру мен қоғамдық белсенділікті

дамытуға негіз болады, рухани-патриоттық және ерлік-патриоттық тәрбие беру мақсатында оқушыларды ізденгіштікке, өз бетімен дербес жұмыс істеуге баулиды.

Аймақтың өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруде ұйымдастырылатын жұмыс түрлерінің бір ерекшелігі оқушылардың патриоттық іс-әрекетінің бағыттылығы орындайтын оқу және оқудан тыс тапсырмалардың қоғамдық мәнділігін саналы түсінуімен, ерлік пен батырлық үлгісін көрсетуімен, патриоттық сана-сезім мен сенімдерінің айқындалуымен байланыстылығы болып табылады. Мұның бір дәлелі ретінде танымжорық жұмысын алуға болады. Мәселен, эксперимент базасы ретінде алынған мектептің оқушыларына әртүрлі бөлімдері, ерлік пен еңбек даңқы бөлмелері бар өлкетану мұражайы ашылатыны хабарланды. Онда туған өлке, осы өлкенің құрметті адамдары, Қарағанды жерінде ерлік көрсеткен батырлар туралы материалдар кеңінен ұсынылатын болды. Оқушыларға бауырластар зиратында, белгісіз жауынгер зиратында болу, жауынгерлік, еңбек, ерлік даңқы орындарына саяхат жасау арқылы өлкетану материалдарын жинақтауға тапсырма берілді. Мұражай мен өлкетану қоғамының Кеңесі ең құнды материалдардың мұражайға қойылатынын жариялады. Ең жақсы жұмыс мұражайға, бөлмеге қойылатын деген сайыс әрбір өлкетанушыны тапсырманы аса зор ынтамен орындауға жігерлендірді. Ниет білдірген оқушылардың ішінен ізденіс жұмыстарына қатынасу үшін осы жұмысты атқару тәжірибесі мен патриоттық тәрбиелілік деңгейлері шамалас оқушылар тобы таңдап алынды.

Өлкетану жұмыстарының әртүрлі жағдайларының оқушылардың патриоттық тәрбиесіне ықпалын айқындау мақсатымен біз қатынасушыларды үш топқа бөлдік: бірінші

топ туған өлкенің табиғатын оқып-үйреніп, мұражайға коллекция үшін минералдар жинайды; екінші топ Ұлы Отан соғысымен байланысты материалдар жинақтайды; үшінші топ өлкенің құрметті адамдарымен кездесіп, өз өлкесінің өткенін, бүгінгісін және болашағын сипаттайды.

Танымжорықтың нәтижесінде барлық оқушылар тобы күнделіктер, карталар, схемалар, шығармалар, есеп түрінде материалдар ұсынады. Алғашқы кезеңде оқушылар тәрбиелілігінің өлшемі ретінде олардың осы жұмыс барысындағы мінез-құлқы, олардың оқу және еңбек істері, істелінген жұмыстарының сапасы мен жинаған материалдарының мазмұндылығы алынды. Жұмыстар алынған тапсырмаларға сәйкес бағаланды. Нәтижесінде барлық оқушылар жұмысты табысты орындағаны анықталды. Мұның өзі оқушылардың өлкетану жұмыстарының танымжорық, саяхат, топсеруен сияқты түрлеріне және басқа да ізденіс тапсырмаларына жоғары патриоттық тұрғыдан қарайтынын аңғартады. Материалдарды талдау барысында деректердің көзін ашу әр топ бойынша жоғары сынып оқушылары орындаған тапсырмаларға байланысты болғаны анықталды. Тапсырманың мазмұна қарамастан барлық топтар ұсынған ең жақсы материалдар таңдап алынды. Тапсырмалардың өзін мазмұнына қарай үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топтың оқушыларының жұмыстары эмоциялық жағымен ерекшеленді: шығармалар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы біздің жерлестеріміздің ерліктеріне арналғандықтан аса зор тебіреніспен жазылған, кейбір жұмыстарда табиғат көріністері берілген.

Екінші топтың оқушылары күнделіктер, есептер, шығармалар тапсырды, оларда оқушылардың алған әсерлерімен қатар зерттеу жұмыстарының элементтері

кездеседі, жергілікті тұрғындармен кездесуден алынған деректер келтірілген. Өлкетану жұмыстары барысында оқушылар тек тапсырманы орындап қана қойған жоқ, олар көп нәрсені үйренді. Жұмыстарда олардың өзінің жасаған қорытындылары, талдаулары жиі кездеседі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік істерді суреттеу барысында себеп-салдар байланысты анықтау бойынша өз көзқарастарын білдірген, карталар мен схемаларды ұсынған. Өздерінің патриоттық сезімдерін шығарма жазу барысында және әртүрлі сыныптан тыс тапсырмаларды орындау барысында анық байқатып отырды.

Өлкетану және ізденіс жұмыстары нәтижесінде жиналған материалдардың, оқушылардың шығармашылық жұмыстарының құндылығы тек біздің өлкенің адамдарының ерлігі мен еңбексүйгіштігін баяндауда ғана емес, сонымен бірге оларға ерекше құрметпен қарауы, жоғары бағалауы, мақтан тұтуы болып табылады, мұның өзі аталмыш жұмыс түрлерінің оқушылардың патриоттық тәрбиелілігін қалыптастыруға игі әсер еткенін дәлелдейді.

Үшінші және екінші топтың оқушылары патриоттық бағыттағы ізденіс-өлкетану жұмыс түрлерінің үлкен көлемін атқарды, олар ерлік және жауынгерлік дәстүрлердің мағынасы, олардың жас ұрпақты тәрбиелеудегі мәні туралы мол түсінік алды.

Үшінші топтың оқушыларының іс-әрекеті үлкен жауапкершілікті талап ете отырып, олардың ерік-жігерін ынталандырды, патриоттық іс-әрекетке қызығушылықтарын оятты.

Алынған мәліметтер өлкетану материалдарын пайдалану арқылы сыныптан тыс уақытта танымжорық, саяхат, топсеруендер, т.с.с. жұмыс түрлерін ұйымдастыру оқушылардың бойында саналы патриоттық сезім мен

сенімді қалыптастыруға ықпал еткені туралы айтуға негіз болды.

Жоғары сынып оқушыларының патриотизмін қалыптастыру мақсатында өлкенің тарихы, табиғаты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, өнері, ғылымы, т.с.с. бойынша әртүрлі дерек көздерін, мұрағат қорларын және мұражай материалдарын пайдаланудың мәні зор.

Оқушылар өз туған өлкесі туралы жан-жақты мағлұмат алу үшін өлкесінің тарихын, өткені мен бүгінгісін терең оқып-үйрену үшін мұрағат материалдарын, фотосуреттерді, материалдық заттарды жинақтады, өлкетану мұражайларына барып, оның жұмыс мазмұнымен танысты.

Мұрағаттар тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын арнаулы мекемелер екені белгілі. Қарағанды облысының мұрағаттар жүйесі мұрағаттар және құжаттамалар бөлімінен, облыстық мемлекеттік мұрағат және оның бөлімшелерінен: 9 қалалық және 9 аудандық мұрағаттар, көмір саласының жеке құрамы және ғылыми-техникалық құжаттамалар филиалдарынан тұрады. Одан облыстың, қалалар мен аудандардың құрылу тарихына, партия, комсомол ұйымдарының тарихына арналған істер, ғылыми-техникалық және аудиовизуальдық құжаттарды табуға болады. Оқушылар облыстық мұрағатқа барып, онда Қарағанды облысының құрылуы және оның орталығы болып, Қарағанды қаласының бекітілуі туралы Бүкіл Одақтық Атқару Комитеті Президиумының қаулысымен танысты, сонымен бірге қалада орналасқан білім және ғылыми мекемелер, мәдени ошақтар, өнеркәсіптік орталықтарға байланысты дерек көздерін оқып-үйренді. Мұның өзі, біріншіден, оқушылардың өз қаласының өткен тарихы туралы білімдерін молайтса, екінші жағынан олардың тарихқа деген сүйіспеншілігін оятып, қызығушылығын

арттырды, үшіншіден, алынған дерек көздерін қоғамдық пәндерді оқып-үйрену барысында нақты дерек ретінде пайдалануға мүмкіндік алды.

Сонымен бірге оқушылардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда мұражайларға барып, жұмыс істеудің де құндылығы зор. Мұражайлар жаратылыс тарихы, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін жинау, сақтау, зерттеу және насихаттауды жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу немесе ғылыми-ағарту мекемелері болып табылады. Қарағанды қаласында облыстық тарихи-өлкетану мұражайы бар, ол тұңғыш ашылған мұражай болып табылады, 1932 жылы ашылған, алғашында политехникалық мұражай болып, 1938 жылы облыстық өлкетану болып, 1964 жылы облыстық тарихи-өлкетану болып аталды. Мұражайда табиғат пен тарихқа арналған екі бөлім жұмыс істейді. Онда Орталық Қазақстан жеріндегі палеолит және неолит дәуірінен қалған археологиялық заттар коллекциялары, 100-ден астам палеонтологиялық экспонаттар, сондай-ақ б.з.б. 18-15 ғ.-ға жататын заттар, «Өмірдің мәні» атты алғашқы коммуна, өлкенің алғашқы зерттеушілері М.П.Русаков, А.А.Гапеев, Қ.И.Сәтбаев, т.б. қатысты деректі материалдар бар. Оқушылар мұражайда өткізілген тақырыптық кештерге, лекторийлерге, көрмелерге, өлкетанушылармен болған кездесулерге белсене қатынасып, өздеріне қажетті материалдар жинақтады, туған өлкесі туралы қызықтыратын көптеген сұрақтарға жауап тапты. Сонымен бірге мұражай қызметкерлерімен бірлесе отырып, тарих сабақтарын, ерлік сабақтарын өткізіп, соғыс және еңбек ардагерлерімен жүздесуге мүмкіндік алды.

Қарағанды аймағы бойынша өлкетану құндылықтарын пайдалану арқылы оқушылардың

жұмысын ұйымдастыру патриоттық бағытта іске асырылады. Бұл бағыт оқушылардың сабақ жүйесіндегі және сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттерін өзара тығыз байланыстыру арқылы жүзеге асады.

Оқушылардың патриоттық белсенділігін сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттерін күшейту арқылы дамыту жолдары мынадай:

- оқытудың сабақтан тыс формалары арқылы (пән апталықтары, конкурстар, пән сайыстары, олимпиадалар, турнирлер, интеллектуалдық жарыстар);
- пәндердің клубтық және үйірмелік қызметтері (театр клубы, дискуссия клубы, музыка студиясы, пән үйірмелері, т.б.);
- мұражай, театр, кино үйі, кітапханаларға жүйелі түрде бару.

Оқушылардың ұжымдық іс-әрекеттерінің түрі әр алуан. Бірақ шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастыратын тобына байланысты кейбір құрылымдарға олар бағынады:

- 1) сыныпшілік тәрбие жұмыстары (ұжымшілік);
- 2) сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстары (ұжымнан тыс);
- 3) негізінен тұрақты, қызығушылық аясы бір, бір параллелдегі балалар тобын қалыптастыратын клубтық, үйірмелік тәрбие жұмыстары;
- 4) оқытудың сабақтан тыс формаларын (пән апталықтары, олимпиадалар, викториналар, көңілділер, тапқырлар клубы, т.б.) қамтитын сыныпаралық тәрбие жұмыстары, яғни істің барысында әр түрлі сыныптар мен параллель сыныптардан уақытша шығармашылық топтар құрылады.

Мұндай жұмыстарды ұйымдастыру барысында бір ғана тәрбие процесі технологиясына байланысқан бірнеше буындардың технологиялық тізбегі көрініс табады:

1-кезең – осы шығармашылық істі өткізуге деген оқушылардың құштарлығы; шығармашылық істі дайындауға қызықты, тартымды жарнама жасау арқылы топ жинау.

2-кезең – шығармашылық істі өткізудің жоспарлануы және Кім үшін? Кіммен? Қай мезгілде? – дегендей жоспардың әрбір бөлігін нақтылау.

3 - кезең – шығармашылық істің жүзеге асуы.

4 - кезең – атқарылған іске талдау жасау, қорытындысын шығару, бұл кезең шығармашылық топтың келесі кезеңдегі шараларды қызықты ұйымдастырылуына негізгі бағыт беретін кезең.

Бұл технология бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру арқылы оқушылар өздеріне қызықты шығармашылық форманы ұйымдастыру мен басқару мәдениетін үйренеді.

Тәрбие технологиясының кез-келгенінің ең маңызды кезеңі – қорытындылау, шығармашылық іске қатысушылардың жетістіктерін мадақтау болып табылады. Өйткені, әрбір шығармашылық іс балаларға қуаныш әкелеуі керек, сондай қуанышты сезім ғана оларды келешекте де осындай шығармашылық істерге қатысуға немесе одан да қызықты істерді ұйымдастыруға жетелейді.

Жеке тұлғаның бойында патриотизмді қалыптастыру процесі бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асады. Патриотизмнің соңғы нәтижесі патриоттық тәрбиенің тереңдік деңгейін танытатын төмендегідей белгілерді анықтайды:

- патриоттық сезім (тұрақты сезімталдық, патриоттық іс-әрекеттерді бастан өткізу);

- патриоттық сана (патриотизм принциптерін тұрақты жинақтау, оймен қорыту, жағдаяттарды білу, оларға талдау жасау, баға беру, шешім қабылдау, жауапты таңдай білу және оны жүзеге асыру);

- патриоттық тұрғыдан ойлау (патриотизмнің санадағы бейнеленуі, оның сипаты мен қасиеттерін сөз арқылы ажыратып көрсете алуы);

- патриоттық ерік (өзінің патриоттық сенімін жүзеге асырудағы патриоттық сезімі мен саналы шешімінің бірлігі);

- патриоттық тәртібінің нысандары.

Қазіргі таңда еліміздің егемендігін нығайту мақсатында болашақ Отан қорғаушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру ерекше мәнге ие болып отыр. Қысқа мерзім ішінде өзінің тәуелсіз демократиялық Отанының сенімді қорғаушысы болу және қазіргі заман қару-жарақтарын меңгеру - өте күрделі іс, сондықтан мектеп партасынан бастап жас жеткіншектерді әскери қызметке, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасының және өз халқының алдындағы азаматтық борышын өтеуге даярлау қажет. Бұл жерде мектепте оқытылатын алғашқы әскери даярлық курсының атқаратын қызметі зор, осы пәнді оқыту барысында Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет өтеуге мүмкіндік беретін теориялық, практикалық және психологиялық даярлықтың негізі қаланады.

Оқушыларға алғашқы әскери даярлық беру жастарды қазақстандық патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеуге, өз Отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға, қоғамдық іске жауапкершілікпен қарауға, әскери борышын өтеу үшін даярлауға бағытталған. Осы

курс бойынша өтетін арнайы теориялық, практикалық, тактикалық және бақылау сабақтарында оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру басты назарда болды. Әрбір сабақта Қазақстан Республикасының Ата Заңы мен Қазақстан Қарулы Күштерінің негізгі қызметі туралы мағлұмат бере отырып, оқушылардың назарын өздерінің Отан қорғаудағы конституциялық құқықтарына аудару қажет. Мұның өзі олардың Отан алдындағы борышын саналы түсінуге жетелейді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі иелері бүгінгі мектеп ұландарын саналы да сауатты, білімді де білікті, өз беттерімен шешім қабылдап, саналы іс-әрекет жасай алатын, ізгілік, адамгершілік, патриоттық қасиеттерді бойына дарытқан азамат етіп тәрбиелеп шығару барша мұғалімдердің - басты міндеті. Сондықтан алғашқы әскери даярлық пәнін оқыту барысында Қарағанды аймағының өлкетану материалдарын пайдалану пәннің мазмұнын байытып, оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруді жетілдіретіні анық. Оқушыларға үнемі Отанға деген сүйіспеншілік өз елін, туып-өскен топырағын құрметтеуден, қадірлеуден басталатынын ұғындырып, аймақтың өлкетану материалдары арқылы олардың бойында өз жерін қорғауға, өз елі үшін адал қызмет етуге деген күш-жігерін ынталандыру қажет.

Отансүйгіштік, патриоттық қасиет - тамырын тереңге жайған жергілікті халықтың сан ғасырлық болмысының, дүниетанымының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып мәдениетінің көрінісі. Осы игі қасиетті бойға дарытпай өскелең ұрпақты патриоттық отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш - жігері мен ақыл қайратын жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни

нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес. Мұның өзі мектеп табалдырығынан бастап, еліміздің болашақ иелерін аймақтың өлкетану материалдары негізінде жан-жақты жетілген, «сегіз қырлы, бір сырлы» еліміздің айтулы азаматы етіп тәрбиелеу мақсатын қояды. Біздің зерттеуіміздің өзегі болып отырған Қарағанды аймағының өлкетану материалдары арқылы патриотизмге тәрбиелеу осы пайымдаулардан өрбиді. Мұндай өзекті ізгі мақсатты іске асыру жолында мынадай тәрбиелік ұстанымдар басшылыққа алынды:

Біріншіден, бүгінде болашақ мамандығын таңдап, қоғамдық өмірдің табалдырығын аттағалы отырған жоғары сынып оқушысының елін, жерін сүйетін намысшыл азамат болуын ойластыру қажет. Ол үшін күн сайын өлкемізде болып жатқан жаңалықтардан оқушыларды хабардар етіп, олардың патриоттық сана-сезіміне әсер етіп отыру маңызды. Әрбір пәнді оқыту барысында аймақтың өлкетану материалдарын пайдалану мүмкіндіктері мол. Сондықтан мектеп ұжымы патриоттық тәрбие беру ісінде бірлесіп әрекет жасап, бірегей бағыттылықты қамтамасыз етуі тиіс.

Екіншіден, жоғары сынып оқушыларының бойында еңбексүйгіштік қасиетті қалыптастыру қажет. Бұл қаланы көркейту, көгалдандыру жұмыстарына белсене араластыру арқылы іске асырылады. Оқушылардың сенбіліктерге, «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ұйымдастырылатын іс-шараларға өз еріктерімен саналы қатынасуына қол жеткізу маңызды. Бұл ретте «Еңбек түбі - береке», «Бейнет түбі-зейнет», «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген тәрізді халық даналығын оқушылардың санасына жеткізген жөн.

Үшіншіден, жоғары сынып оқушыларының салауатты өмір салтына ерекше мән беру керек. Оқушылардың

салауатты өмір сүру дағдыларын құндылықтар негізінде қалыптастыру жүйесі былай құрылады:

1. Ар - ұятты сақтау. «Жаным - арымның садағасы» дегендей, ар, сезім, ұят, тәртіп сақтау ережесін санасына қалыптастыру.

2. Оқушының өзін-өзі құрметтей білуі. «Өзіңді-өзің жаттай сыйла, жат - жаныңнан түңілсін» дегендей, өзіне-өзі баға беру, өзін-өзі құрметтеу, өз өміріне, денсаулығына жаңаша көзқарасын қалыптастыру.

3. Өз құқығы мен тәртібін сақтау. Оқушы өмірдегі өзінің орнын, мектептегі, қоғамдағы өз құқығын қорғай білу, қоғамдық тәртіпті сақтай біліп, жақсылыққа, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелену, жауапкершілікке, шешім қабылдауға үйрену.

4. Әлеуметтік жағдайын өзгертуіне көңіл бөліп, тұрмысын түзеу. Өмір сүруге ұмтылу, өмір сүру әдіс-тәсілін, санасы мен дағдысын қалыптастыру.

5. Мінез-құлық мәдениетін қалыптастырып, жат қылықтар мен жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салу.

6. Рухани ойлау дәрежесін өсіру, оқушы өз бойына игі қасиеттерді қалыптастырып, әлемдік, ұлттық мәдениетке жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы жетуге талпыну.

7. Қоршаған ортаны танып білуде - оны қорғауда, пайдалануда біртұтастық пен сабақтастығын, үйлесімділік дүниетанымы қажеттілігін анықтау.

8. Шығармашылық деңгейі өсіп, қабілетін арттыру үшін рухани қазына құндылығының деңгейін бағалау. Қазіргі кезеңдегі тәрбиенің ерекшелігі - адамшылық, азаматтық қасиеттердің сынға түсуі, еліміздегі әлеуметтік болмысымыздың жаңаруы үшін өте қажет. Ал осы қажеттілікті жасайтын - Адам. Адам адам болғалы жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, өтірік пен

шындық, талант пен жағымсыздық жарыса өмір сүріп келеді. Адамның құндылығы - ең сирек кездесетін жаратылысы арқылы анықталады, яғни жалпы алғанда өлшемсіз өмір. Ал өмір - кез-келген рахаттың аса қымбат бағасы. Олай болса, өмірдің босқа өтпеуі үшін - адамның саналы, салауатты түрде өмір сүруі қажет [58].

Сондықтан өмірді мәнді өткізу де ең маңызды бастау - құндылық болса, оның рухани - патриоттық негізі - салауаттылық.

Төртіншіден, жоғары сынып оқушыларының патриоттық тәрбиелілігі оның адамгершілігінен байқалады. Адамгершілік - әрбір адамға тән барлық игі қасиеттер және ол жеке тұлғаның ортамен қарым-қатынасқа түскен кезде шынайы көрініс беруі арқылы айқындалады.

Мамандар оқушылардың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру ісі оларға адамзат баласының қолы жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесін игерту және тұтастай алғанда әлеуметтік-этикалық нормалар мен жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игертуге болатынын дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде, адамгершілік уағыздарда, діни мәдениетте нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың тәуір белгілері, тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері шоғырландырылған күйде әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді [59. Б.64].

Өлкедегі халықтың мәдениетін, дәстүрлі мәдениетті оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастыру құнды. Бұл тұрғыдан келгенде патриоттық тәрбие - халық тұрмысының барлық саласынан көрініс табатын материалдық және рухани мәдениетпен астасып жатқан күрделі тарихи қоғамдық құбылыс болып табылады. Демек, әрбір

аймақтардағы халықтардың тәрбие дәстүрлерінің пайда болып жетілуі, атқаратын қызметі уақыт пен кеңістіктен тыс құбылыс емес, қайта бұл процестер қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, тарихи өзгерістермен, ғылым мен мәдениеттің өркендеуімен, өзге де қызмет түрлерінің дамуымен тығыз байланысты. Олай болса, халқымыздың тарихи жолында жинақталған тәрбие тәжірибесі мен тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері көрініс беретін салт-дәстүр, халық шығармашылығының түрлері, шаруашылық кәсібі, қоғамдық өмірі, материалдық мәдениет ескерткіштері патриоттық тәрбие берудің құралына айналуы аса қажет.

Біздің мақсатымыз туған өлкенің халық ұғымындағы патриоттық тәрбие жөніндегі түсініктер, тарих елегінен өтіп қалыптасқан патриоттық тәрбие принциптерінің, әдіс-тәсілдерінің мәнін ашып көрсету, оны бүгінгі оқушыларды тәрбиелеу ісінде қолдану жолдарын қарастыруды педагогика ғылымының өзекті проблемасы ретінде көрсете білу болып табылады.

Бесіншіден, патриоттық сезімнен ажыратып алғысыз ұлтаралық мәдениетке ерекше көңіл бөлу керек. Қарағанды аймағында бірнеше ұлттың өкілдері мекен етеді. Сондықтан оқушыларды жергілікті ұлт өкілдерінің мәдениетімен, дәстүрімен, әдет-ғұрпымен және өмір салтымен таныстырып, оларды құрметтеуге, сыйластық танытуға тәрбиелеу аса қажет.

Алтыншыдан, «Білім - таусылмас кең, өнер - өлмес мұра», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы», т.б. көптеген мақал-мәтелдер тудырған халқымыз осынау құндылықтар - өнер мен ғылым тіршіліктің тұтқасы, өмір шамшырағы деп білген. Сондықтан Қарағанды аймағындағы білім ордалары туралы

жоғары сынып оқушыларына насихаттап, олардың жетістігі мен мүмкіндіктері, әлеуеті туралы хабардар етіп отыру қажет. Әрине, әр адамның, әр халықтың Отанына, еліне деген көңіл, сезім түсінігі әрқалай болатындықтан, патриотизм ұғымын тұжырымдаудың да сан алуан сипаты болатыны заңды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі мерзімді басылымдарда «ұлттық» және «қазақстандық патриотизм» жайлы мәселелер көтерілгені белгілі. Педагог ғалымдар мен философ - психологтардың пікіріне сүйене отырып, біз бір кездегі «кеңестік патриотизм» ұғымы секілді «қазақстандық патриотизм» болуы керек деген тұжырымды қолдаймыз. Оқушылардың бойында нағыз қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастырғымыз келсе, мемлекетіміздегі барлық этностар күнделікті болып жатқан күрделі мәселелерді біліп қана қоймай, шын жүректерімен сезінулері керек. Сонда ғана қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, дамыту нәтижелі болмақ – деп атап көрсетеді [60]. Білім мәдениетті сақтаудың және оны келешек ұрпаққа жеткізудің басты құралы болып табылады. Білім қоғам дамуының интеллектуалдық қана емес, сонымен қатар экономикалық базасын жасайтын өндірістік рухани маңызды саласы. Адам білім арқылы ғана жеке басының қажеттілігі мен өзіндік дамуын қанағаттандыра алады.

Жетіншіден, адам өмірі табиғат аясында өтетін болғандықтан, бабаларымыз ғұмыр бойы табиғатты аялауды мұрат тұтқан. Бүкіләлемдік тіршіліктің құдіретті төрт түрі бар. Олар: Күн - ана, Жер - ана, ауа мен су. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан да адамзат күнді, жерді анадай ардақтайды, жер мен судың әулиелігін қастерлеп, әрекет жасап, қызығын көреді.

Күн - барлық тіршіліктің құдіретті тірегі. Адамзат

күнге табынып, сыйынып барлық тіршілікте күннің құдіретіне сүйенген. Сондықтан халқымыз күн тұрған аспан әлемін қасиеттеп «Аспанға қарап түкірме», «Аспанға қарап тас лақтырма» деп ырым - тыйым жасайды. Қазақ халқы жер - ананы әулие тұтады, «Жері байдың - елі бай», «Туған жер - алтын бесік», «Жеміс жерде, жеңіс - елде» деп, халық Жер ананы аялайды, баптайды, құдірет тұтады. Қазақта «Ер туған жерінде, ит тойған жерінде» деген мақал бар. Әрбір адамның туған жері - бәрінен де қымбатты. Өйткені ол сол жердің топырағында өсіп, суын ішіп, ауасымен тыныстайды, табиғатымен бірге қайнасып, адам болып қалыптасады. Сондықтан да әрбір адам туған жерін қорғайды, аялайды, күтеді, қастерлейді.

Жер жаһандағы тіршіліктің нәрін сіңіріп, өмір сүрудің тірегі болып туған құдірет - су. Өсімдік, жан-жануар, түрлі жәндіктер сусыз өмір сүре алмайды. Өмірге ең қымбат, ең қажетті нәрсе болғандықтан, халық суды әулие тұтып, судың шығып жатқан жерін «әулие бұлақ», «әулие көл»-дейді. «Судың да сұрауы бар» - деп, суды ысырап жұмсамау керек екенін халық өз ұрпақтарына ескертіп отырған. «Сулы жер - нулы жер», «Өзен бар жерде өмір бар», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Судай таза, сүттей ақ бол» - деп халық өмір тұрмысының жақсы болуын уағыздап отырған.

Жан дүниенің өмір ырғағын жасап тұрған құдіретті нәрсе-ауа. Ең қымбатты нәрсені «ауадай қажет» - деп, халық ауаны қымбаттың қымбаты деп бағалаған. Тіршіліктің төрт тірегін қастерлеу - халық салты, өмір заңы.

Халық арасындағы туған жер туралы әндер мен күйлер халқымыздың туған жерді аялай біліп, ардақтай сүйетінін дәлелдейді. Құрманғазының «Сарыарқа», «Алатау», Тәтімбеттің «Сарыжайлау» күйлері туған жеріміздің тамаша табиғатын әдемі әсерлендіріп, жанды жадыратады.

Отан десек, оның мазмұны - туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар.

Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болды. «Тікен гүлін қорғайды, ара балын қорғайды», «Әркімнің өз жері - Шам шаһары», «Мәуелі ағаш майысқак», «Саяз су сарқырап ағады», - деген пәлсапаға ұйыған халқымыз табиғаттан қуат алып, ләззатқа бөленуге, әсемдікті сезіне білуге үйренеді. Халқымыздың сандаған ғасырлар бойы қалыптасқан этнопедагогикасының мәуелі жемістері болып табылады [61]. Қазақ этнопедагогикасының бай мұрасын пайдалана отырып, оқушылардың бойында өлкенің табиғатына сүйіспеншілікті қалыптастыруға болады.

2.2 Өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің мазмұны, формалары мен әдістері

Аймақтың өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру процесінің тиімділігі мынадай педагогикалық шарттар кешенінің сақталуына байланысты:

- оқушылардың патриоттық тәрбиеге тұтас педагогикалық процестің маңызды бөлігі ретінде қарауы;
- оқушыларда патриотизм туралы ұғым қалыптастыру және оны саналы түсіну процесінде аймақтың өлкетану материалдарымен әрекет етуін қамтамасыз ету;

- аймақтың өлкетану материалдарымен қарым-қатынас жасау процесінде оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулу;

- тәрбие жұмыстарында аймақтың өлкетану материалдары арқылы патриоттық бағыттылықтың әртүрлі формаларын белсенді пайдалану.

Үлгіні іске асыру оқу және оқудан тыс әрекет барысында іске асырылды. Оқу іс-әрекеті барысында негізгі оқу пәні алғашқы әскери даярлық пәні алынды.

Мектепте өткізілетін алғашқы әскери даярлық пәні оқушыларға берілетін әскери-патриоттық тәрбиенің тереңдеуіне, Отанымыздың саналы және белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды халқының игілігі үшін еңбек етуге, егеменді еліміздің мүддесін қорғауға даярлау үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Алғашқы әскери даярлық пәнін оқыту барысында оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру негізгі мақсат болып табылады, ал оның міндеттерін былай бөліп көрсетуге болады:

- жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтау;

- оқыту, тәрбиелеу, дамыту және жастардың Отанды қорғауға психологиялық даярлығының бірлігін қамтамасыз ету;

- патриотты және азаматты тәрбиелеу проблемасына бірегей көзқарасты қалыптастыру;

- жастарға әскери даярлық пен әскери патриоттық-тәрбие беруді ұйымдастыру мен іске асыруда мемлекеттік органдардың ролін анықтау;

- жастарға әскери істің негіздерін оқытудың түрлері мен әдістерін жетілдіру;

- жастарда жоғары патриоттық сананы, ұлттық мақтаныш сезімін, мемлекеттің ұлттық мүддесін қорғау бойынша азаматтық және конституциялық міндеттерді орындауға даярлықты қалыптастыру.

Бұл міндеттердің шешімін табу үшін мынадай іс-шаралар ұйымдастырылуы қажет:

- жастарды ҚР Ата Заңымен, Отан қорғау, ҚР Қарулы Күштерінде әскери борышын өтеу туралы Заңдармен таныстыру;

- әскери істің тарихымен таныстыру;

- ҚР Қарулы Күштерінің және басқа жасақтардың міндеттерімен, құрылымымен таныстыру;

- азаматтық қорғаныс негіздерін оқыту;

- әскери істің негіздері бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру;

- Отан алдындағы әскери борышын өтеуге психологиялық даярлық беру;

- өлкетану және ізденіс жұмыстарын, Әскери Даңқ тарихы мектеп мұражайларының іс-әрекетін ұйымдастыру және т.б. [62].

Біз мектепте әскери-патриоттық тәрбие беру ісінде өлкетану материалдарын пайдаланудың маңыздылығына тоқталмақпыз.

Өлкетану материалдары оқушыларды өз жерін, елін-жұртын жете білуге, ата-баба ерлігін мақтан тұтуға тәрбиелейді, әрі туған өлкеге сүйіспеншілікті, аялы көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Өлкетану материалдарын оқушылардың әскери-патриоттық тәрбие ісінде тиімді пайдалану үшін мектепте алғашқы әскери даярлық пәнінің оқытушысы өлкетану және іздестіру жұмыстарының секциясын ұйымдастыру қажет. Бұл секцияның жұмысына туған өлкеге топсеруендер мен

саяхаттар ұйымдастыру, тарихи өлкетану материалдарын жинақтау, әскери ескерткіштер мен мемориалдарды қамқорлыққа алу, соғыс және еңбек ардагерлерімен, әскери борышын өтеп жүрген мектеп түлектерімен кездесулер ұйымдастыру, олармен үнемі байланыс жасап тұру шаралары жатады.

Біз Қарағанды қаласында оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруде өлкетану материалдарын пайдалану бойынша біршама іс-шараларды ұйымдастырып, олардың тиімділігін өз тәжірибемізде аңғардық. Мәселен, Қарағанды өлкесінен шыққан батыр ағамыз Нүркен Әбдіровтің ерлігі оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие берудің аса маңызды құралы болып табылады.

Қарағанды облысының энциклопедиясында Н.Әбдіровтің жасаған ерлігі туралы былай жазылған: «Әбдіров Нүркен (1919-1942) әскери ұшқыш-штурмовик, сержант. 1943 жылы ерлікпен қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының батыры атағы берілген. 1939 жылы Қарағанды автоклубының ұшқыштар курсы бітіріп, запастағы пилот мамандығын алды, сол жылы Коммунистік партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылданды. Қызыл Армия қатарына 1940 ж. шақырылды. Орынбор авиация училищесін бітіргеннен кейін (1942 ж.) 267-ші авиация дивизиясының 808-ші полкіне жіберілді. Шайқаста ержүректілігімен, іскер қимылдарымен көзге түсті, жаудың оқ-дәрі, қару-жарақ қоймаларын, адам күші мен ұрыс техникасын жойды. 16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 28 жүк автомобилін, оқ-дәрі тиеген 18 машинасын, жанармай құйылған 3 цистернасын, 3 зеңбірегін және 50-ден астам неміс солдатты мен офицерін құртты. 17-жауынгерлік тапсырмасын алған (19.12.1942 ж) Н.Әбдіров жаудың Сталинград шебіне енетін Боков-

Пономаревка ауданындағы қорғаныс бекінісі мен шоғырланған танкілерін жою үшін әуеге көтерілді. Тапсырманы орындау кезінде Н.Әбдіров бірнеше дзотты, зенит артиллериясының 2 нүктесін, 6 танкті жойды, бірақ өзінің самолеті де зақымданды. Жалын шарпыған самолетін жау техникасы шоғырланған тұсқа бағыттап, капитан Н.Ф.Гастелло сияқты қаһармандықпен қаза тапты...» [63].

Оқушыларға батырдың ерлігі негізінде әскери-патриоттық тәрбие ісі мынадай шараларды қамтыды:

- Н.Әбдіровтің өмірбаяны, өскен ортасы мен туған жері туралы деректер жинау;

- Н.Әбдіровтің ерлігі туралы материалдар жинақтап, рефераттар мен баяндамалар дайындау;

- Н.Әбдіровтің фотосуреттерін жинақтап, альбом дайындау;

- Н.Әбдіровтің ескерткішіне және оның есімі берілген орындарға саяхаттар ұйымдастыру;

- Н.Әбдіров туралы жазылған фильмді көруді ұйымдастыру;

- «Нүркен аға ерлігі – бізге өнеге» атты апталық ұйымдастыру, апталықтың мазмұнына сурет көрмесін ұйымдастыру, әскери-спорттық ойындар өткізу, әртүрлі спорт ойындарынан жарыстар өткізу, Н.Әбдіровтің өмір жолы туралы жерлестерімен кездесулер ұйымдастыру, әдеби-музыкалық монтаж өткізу, т.с.с. шаралар енгізілді.

Жүргізілген іс-шаралар оқушылардың қызығушылығын оятып, жерлестері ержүрек батыр Н.Әбдіров туралы мол мағлұматтар алуына мүмкіндік берді. Әсіресе, болашақ Отан қорғаушыларды 23 жасар жас жігіттің қайсарлығы, қайраттылығы мен батылдығы ерекше тандандарып, олардың күш-қуаттарын жандандырды, бойларында өжеттілік, ержүректілік сезімдерін ұялатты.

Оқушылар Н.Әбдіровтің мәңгі өшпес ерлік жасағанына оның құрметіне 1958 жылы орнатылған Қарағанды қаласындағы ескерткіш және есімі берілген даңғылдың, ауылдың және спорт кешенінің атаулары арқылы көздерін жеткізді. Отан үшін жанын пидә еткен батырдың ерлігі оқушылардың бойында отансүйгіштікті тәрбиелеуге мүмкіндік берді.

Оқушыларға Н.Әбдіровтің ерлігі негізінде әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыра білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мұғалім – оқушыға өнеге болатын, батыр ерлігіне құштарлық пен қызығушылық сезімдерінің оянуына әсер ететін басты тұлға, сондықтан сабақтарда, оқушылармен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарда Н.Әбдіров өмірінен нақты жағдаяттарды мысалға келтіре отырып, оқушылардың сана-сезіміне тиімді ықпал жасай білудің маңызы ерекше. Мәселен, батырдың Отаны, халқы үшін жасаған ерлік, батырлық ісі туралы айта отырып, оқушыларды психологиялық тұрғыдан Отан қорғауға даярлауға болады. Қазір мектеп партасында отырғандар үшін Ұлы Жеңістің құнын, оның өздерінің әрқайсысының тағдырындағы, Қазақстан халықтарының және дүние жүзі халықтарының тағдырындағы мән-маңызын сезінудің маңызы зор. Мұны Отан қорғаушылар рухының күшіне, ерлігіне таңқалу және оларға шын жүректен риза болу үшін ғана емес, олардан Отан тағдыры үшін, келешек ұрпақ тағдыры үшін үлкен жауапкершілікті қабылдап алу үшін білу керек. Бұл олардың Отанымыздың және халқымыздың тыныштығын сақтау үшін аталған білімді меңгеруінің қажеттілігін түсінуін қамтамасыз етеді.

Әскери-патриоттық тәрбие беру алдымен оқушылардың сана-сезіміне, одан соң іс-әрекетін ұйымдастыруға ықпал етуден басталатыны белгілі. Осы мәселе тарихи-педагогикалық тұрғыда әлі де тереңірек зерттеуді қажет етіп отыр. Мектеп оқушыларын туған өлкесіндегі аға ұрпақтың ерлік істері, ата-баба салт-дәстүрі арқылы адамгершілікке, инабаттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу ерекше маңызды болып табылады, мұның өзі жергілікті жерде мекен ететін халықтың ұлылығын, оның парасатын көрсете отырып, сол халықтың Отанына деген сүйіспеншілігін, патриотизмін, еңбексүйгіштігін, т.б. қасиеттерін анықтайды. Н.Әбдіровтің ерлігі өткен ұрпақтан жаңа ұрпаққа үлгі-өнеге болатын батырлық үлгісі, оның өміршендігі мен әсерлілігі ұрпақтан-ұрпаққа өмір тәрбиесі арқылы жалғаса отырып, адамзат психологиясына әсер етеді, жаңа ұрпақта адамгершілік, патриоттық, интернационалдық сана-сезімнің берік сапаларын қалыптастырады.

Аймақтың өлкетану материалдарын оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесінде пайдалануда тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастырудың формалары және әдіс-тәсілдерін тиімді тандап алудың да маңызы зор. Мәселен, ұлы адамдардың өмірі, қызметі үлгісінде тәрбиелеудің әдістемесі тақырып тандап ала білу, баяндама әзірлеу, әдебиеттер тауып қолдану, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс түрлерін тандап алу, топсеруендер, туристік жорықтар, саяхаттар, кездесулер, кинофильмдер көрсету сияқты жұмыс түрлерін қамтиды. Осыған орай тәрбиелік іс-шараларда ескеретін қағидалар - тұжырымды дәлелдер келтіру, батырлардың адамгершілік сапаларын көрсету.

Ерлік және еңбек дәстүрлерінде патриоттық тәрбие беру туралы соғыс жылдарындағы жеңістің кепілі - тылдағы

халықтың қажырлы еңбегі екенін айта келіп, жоғары сынып оқушыларын жауынгерлік дәстүрге тәрбиелеудің бағыттарын танып білу үшін зерттеу және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру керек. Зерттеу бағытында оқушылармен тарихи орындарға экспедиция ұйымдастыру, ерлік істерді көзімен көрген адамдардан естелік жазып алу, практикалық бағытта әскери-техникалық білімдерді меңгеруін қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруде бірегей бағдарлама болудың маңызы зор. Бұл бағдарлама алғашқы әскери даярлық пәні мұғалімінің іс-әрекетін жоспарлы түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Соның негізінде мектепте жоғары сынып оқушыларымен жүйелі жұмыс түрлері өткізіліп, оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатқа бағытталып жүргізіледі. Бұл өз кезегінде оқушылардың туған өлкесі, оның байлығы мен тұрмысы туралы жан-жақты білім алуларына және туған жеріне деген патриоттық қатынастарын тәрбиелеуге жағдай туғызды.

Туған өлкенің батырларының ерлігі арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің мынадай ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- оқушылар өз өлкесінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тұрмыс-тіршілігімен танысады;
- өз өлкесінің батырларының өмірбаянымен және Отан үшін жасаған ерлігімен таныс болып, оны саналы ой елегінен өткізеді;
- елдің басына қиындық туған шақта Отан үшін тылда аянбай еткен өлкенің біртуар азаматтарының патриоттық рухтарына бас иіп, олардың ерен еңбектерін бағалауға үйренеді;

- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қаламгер майдангерлердің шығармашылығымен танысып, соғыстың сұрапыл жылдарындағы ел өмірінен хабардар болады;

- туған өлкесіне деген сүйіспеншіліктері мен мақтаныш сезімдері артып, туған жері мен елі алдындағы перзенттік парызын түсінеді;

- өлкеде тұратын өзге ұлт өкілдеріне, олардың тіліне, мәдениеті мен өнеріне құрметпен қарайтын болады;

- туған жерін, ел намысын қорғауға дайындайтын отансүйгіштік сезімі мен санасы оянады.

Өлке батырларының ерлігі арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру бойынша ұжымдық тәрбиелік істерді ұйымдастыру технологиясы мынадай қағидаларға негізделеді:

а) алдағы жұмыстың мақсатын нақты айқындау, басынан аяғына дейін толық шолу жасап шығу;

ә) әрбір ұжым мүшесінің міндеттерін нақты көрсетіп беру;

б) алдағы жұмысқа қажеттілердің барлығын дайындау;

в) қол жеткізуге болатын нәтижелер мөлшерін бекіту;

г) жауапты адамдарды тағайындау, есеп беру уақытын белгілеу;

д) әрбір орындаушыларға істі жүзеге асыру бойынша нақты нұсқаулар беру.

Ұжымдық тәрбиелік істерге қатынасу алға қойған мақсатқа жету, жауапкершілік, бастаған істі аяғына дейін жеткізу біліктілігі, тәртіптілік, орындаушылық сияқты тұлғалақ сапаларды тәрбиелейді.

Тәрбиелік іс - бұл тәрбиеленушілердің нақты іс-әрекетін ұйымдастырудың және іске асырудың бір түрі. Оның негізгі ерекшеліктері: қажеттілігі, пайдалылығы, іске

асырылатындығы. Тәрбие процесі өзара қиылыспайтын тәрбиелік істердің тізбегінен тұрады.

Тәрбиелік істер ұжымдық және шығармашылық сипатқа ие болады, сондықтан ұжымдық тәрбиелік істер немесе ұжымдық шығармашылық істер деп аталады. XX ғасырдың 60-жылдары ленинградтық педагог И.П.Иванов ұжымдық шығармашылық іс әдістемесін жасады, оның негізгі мәні: 1) бұл-қоғамдық іс, өйткені ол өз ұжымының өмірі мен айналадағы өмірді жақсарту үшін қамқорлық жасайды, жалпыға бірдей қуаныш пен игілік әкелуге арналған практикалық және ұйымдастырушылық әрекеттердің жиынтығы болып табылады; 2) бұл-ұжымдық іс, өйткені ортақ азаматтық қамқорлық ретінде мұны оқушылар мен тәрбиешілер бірлесіп жоспарлайды, дайындайды, талқылайды және іске асырады; 3) бұл-шығармашылық іс, өйткені ойластырылған істі жоспарлаудың, іске асырудың, істелінген істі бағалаудың негізінде барлық оқушылар тәрбиешілермен бірге болашаққа сабақ ала отырып, тәрбиешілердің басшылығымен өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешудің жетілдірілген жолдарын, тәсілдерін, құралдарын іздестіреді, оның үстіне бұл догмаға айналмай, шаблон бойынша істелінбей, әрқашан жаңа нұсқалар түрінде көрінеді.

Бұл әдістеме коммунарлық деп аталды, оның негізгі мақсаты - коллектившілдерді (ұжымшылдықты) тәрбиелеу болды. Қазіргі уақытта адам мүддесі туралы ұғым өзгергенімен, И.П.Ивановтың әдістемесі өз мәнін жойған жоқ, себебі ол ересектер мен балаларды ұжымдық іс-әрекет, дербес және ұжымдық шығармашылық арқылы ынтымақтастыққа үйретуді көздейді.

Ұжымдық тәрбиелік істердің кезеңдері: 1) мақсат қою (жағдайды талдау, тәрбие мақсаттарын айқындау); 2) ұжымдық тәрбиелік істі ұжымды түрде жоспарлау; 3) істі ұжымды түрде ұйымдастыру және әзірлеу; 4) ұжымдық тәрбиелік істі өткізу; 5) ұжымды түрде қорытындылау (қол жеткізген нәтижелерді талдау).

Ұжымдық тәрбиелік істерді ұйымдастыру барысында мынадай талаптарды басшылыққа алу керек: 1) әрбір ұжым мүшесінің құқылары мен міндеттерін нақты анықтау, атқарған жұмысы туралы кімге және қашан есеп беру тәртібін айқындау; 2) тәрбие ісіне қатынасушыларға мүмкіндігі мен ынтасы бойынша бір ғана жұмысты тапсыру, бірнеше тапсырмалармен ауыртпалық түсірмеу, істің ерікті екендігін естен шығармау; 3) оқушылардың ұйымдастыру дағдылары қалыптаспағандығын есепке ала отырып, жеңілден күрделіге принципін негізге алу; 4) балаларды ұйымдастыру біріккен күшті қажет ететіндігін, күш - бірлікте екендігін түсіндіру.

Ұжымдық тәрбиелік істерді жоспарлау ұжымның жалпы жиынында өтеді. Жоспарлау барысында мынадай мәселелердің түйіні шешіледі: Бұл істі кім үшін өткізу керек? Оны қалай жақсы өткізу керек? Бүкіл ұжым немесе жекеленген шағын ұжымдар (қалауы бойынша) немесе еріктілер қатысқан жөн бе? Іске кім басшылық жасауы керек? Бұл істі қай жерде өткізген қолайлы болады? Қашан өткізу керек?

Күрделі тәрбиелік істерді тізбекті сызба әдісімен жоспарлауға болады. Мұндай жоспарда көрнекі және қабылдауға жеңіл болатындай етіп мақсат-міндеттерді, оларға жету жолдарын, қатынасушыларды, жұмыстың формалары мен әдістерін, аралық кезеңдерді айқын көрсету және идеяны түсіну үшін қосымша ақпараттар беру

көзделеді. Тізбекті сызбалар көрнекі жерге ілінеді. Өткізілген бөлімдер арнайы белгімен белгіленіп отырады.

Ұйымдастырылған ұжымдық тәрбиелік істер мектепте патриоттық тәрбие беру мазмұнын байытуға, оларды ұйымдастыру формалары мен технологиясын жетілдіруге мүмкіндік береді. Ең бастысы, аймақтың өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруде атадан балаға жалғасып келе жатқан жауынгерлік және ерлік дәстүрлерін дәріптеу арқылы оқу-тәрбие процесін жетілдіру қажет, мұның өзі ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азаматты тәрбиелеуге, яғни оқушылардың бойында туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұлы Отан соғысы патриотизмнің дамуына өзінің игі әсерін тигізді. Барша халық неміс басқыншыларына төтеп беру үшін бар күш-жігерін аямады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырлардың жанқиярлық өнеге істері халқымыздың ерлік даңқын асырды. Отан қорғау жолында өмірін қиған ерлерді еске алып отыруды, әкелердің ерлік істеріне құрметпен қарауды жас буынға үйретіп отырудың мәні зор. Сондықтан да оқушыларды халқымыздың ерлігі рухында тәрбиелеу бүгінгі мектептің тәрбие жұмысының басты саласы болуы тиіс.

Жоғары сынып оқушыларының бойында патриотизмді, туған өлкесіне сүйіспеншілікті қалыптастыру, олардың іске асырылуы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Сыныптан тыс жұмыс мектептегі оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі. Пән бойынша өткізілетін сабақтардың жалғасы, толықтырушы бола отырып, ол мазмұны, ұйымдастыру формасы мен алдына қойған міндеттерді жүзеге асыру әдістері тұрғысынан өзіндік ерекшелікке ие

болады. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлері өте көп. Бәрінің де мақсаты оқушыларға жан-жақты тәрбие беру, тұлғалық сапаларды қалыптастыру болып табылады. Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты - аймақтың өлкетану материалдары арқылы туған өлкесін сүйетін, қорғай, қадірлей білетін оқушы тұлғасын тәрбиелеу.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда мынадай принциптер басшылыққа алынады:

- үздіксіздік пен бірізділік;
- оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке алу;
- жүйелілік пен сабақтастық;
- ұжымдық жұмыс формаларының үйлесімділігі;
- білім беру, тәрбиелеу және дамыту функцияларының үйлесімділігі.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың осы принциптерін іске асыру және бұл салада табысқа жету үшін жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие процесінің және сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастырылу деңгейін айқындап алдық. Осыған орай жалпы білім беретін мектептерде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізгенде оқушыларға тиянақты білім беру мен туған өлкесіне сүйіспеншілігін қалыптастырудың олардың патриоттық қасиеттерін тәрбиелеп қана қоймай, оны өлкетану материалдары арқылы ары қарай дамытудың жолдарын іздестіріп, сыныптан тыс жұмыстардың белгілі бір жүйемен жүргізілуін де ойластырдық. Аймақтың өлкетану материалдарын пайдалану сабақ жүйесінде іске асырылумен бірге сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында жалғасын тауып, сабақта алған білім, білік, дағдыларды толықтыруға қызмет етуі керек.

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың туған өлкесіне сүйіспеншілігін қалыптастыру мұғалімнің тұлғалық қасиетіне, оның кәсіби білімі мен шеберлігіне және сыныптан тыс қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу қабілетіне тікелей байланысты. Егер осы қасиеттің бәрі бір-бірімен ұштасып жатса, оқушылардың патриоттық сезімдерінің қалыптасуына жол ашылады.

Оқушылардың туған өлкесіне сүйіспеншілігін қалыптастыратын сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарда мынадай міндеттерді белгілеуге болады:

- бағдарлама бойынша берілген материалдар мазмұнын оқушылардың туған өлкесіне сүйіспеншілігін қалыптастыратын өлкетану материалдарымен байланыстыра отырып меңгерту;

- оқушылардың туған өлкесіне сүйіспеншілігін қалыптастыру арқылы олардың оқу-іс әрекетінде белсенділіктерін арттыру;

- сыныптан тыс жұмыстар өткізу арқылы оқушыларды туған өлкесіне бақылау жүргізуге үйрету;

- аймақтық өлкетану бойынша қажетті әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат материалдарымен, Интернет ресурстарымен жұмыс істету;

- сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың іскерлігін арттыратын педагогикалық білім, туған өлкесіне сүйіспеншілігін қалыптастыруда басты орын алатын бағыт ретінде қарастыру.

Оқушылардың туған өлкесіне сүйіспеншілігін қалыптастыратын сыныптан тыс жұмыстардың түрлері, өзіндік ерекшеліктері көп болғанымен, олар мынадай әдістемелік талаптарды қанағаттандыруы керек:

- сыныптан тыс жұмыстардың түрлеріне оқушылардың қатысуының тек қана ерікті түрде іске асырылуы;

- сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлерінің әр оқушының ықыласына, біліміне, бейімділігіне, қабілетіне, жас ерекшелігіне байланысты өткізілуі;

- ұйымдастырылған қандай да жұмыстың түрі болмасын оқушылардың белсене қатысуына, ізденімпаздығы мен қызығушылығын арттыратындай бағытта болуы;

- ұйымдастырылған жұмыстардың әртүрлілігі мен оқушылардың арасында өзара үйлесімділіктің болуы;

- жұмыс нәтижелі болуы үшін оның нақты белгіленген күні, мерзімі, айқын кестесінің белгіленуі;

- туған өлкесіне сүйіспеншілікті арттыру жұмыстарының кешенді түрде іске асырылып отырылуы;

- сыныптан тыс жұмыстарға оқушыларды түгелдей қатыстыру жолдарының іздестірілуі.

Мектеп бағдарламасы бойынша сабақтардың мазмұндары шектеулі болғандықтан, оқушылардың патриотизмін қалыптастыруға қажетті аймақтың өлкетану материалдары күнделікті оқу процесінің ағымындағы жаңалықтарды жан-жақты қамти алмайды. Сондықтан сыныптан тыс жұмыстарда тиімді ұйымдастырылған жұмыстың әр түрлері мен өзара үйлесім тапқан іс-әрекет қана оқушылардың патриоттық тәрбиелілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аймақтың өлкетану материалдары арқылы жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің негізгі формаларының кейбіреулерінің мазмұндық сипаттамасын ашып көрсетейік.

Тақырыптық көрме.

Аймақтың өлкетану материалдары арқылы патриоттық (отан сүйгіштік) тәрбие берудің әсерлі бір түрі - тақырыптық көрме ұйымдастыру болып табылады.

Тақырыптар әртүрлі болуы мүмкін: «Қарағанды – Ұлы Отан соғысы жылдарында», «Қарағандылық майдангер жазушылар», «Қарағанды - әсем қала», «Құт қонған Қарағанды», т.с.с. Туған өлкедегі осындай құндылықтарды көрсету көрермендерді көркемдікке, ұлттық-отандық сүйіспеншілікке баулиды.

Аймақтың өлкетану материалдарына байланысты тақырыптық көрмелерді ұйымдастырудың мазмұны көбінесе, сынып жетекшісінің терең білімі мен тапқырлығына, шеберлігіне байланысты. Тақырыптық көрменің тақырыбы, мазмұны, көрмеге қатысушылар, көрменің орны, күні бұрын (ең кем дегенде 2 аптада) белгіленеді. Көрмені ұйымдастырушылар, көрме экспонаттарын бағалаушылар алдында белгіленіп, жоғары бағаланған еңбек иелері марапатталады.

Мектепте кеш өткізу дәстүрі

Оқушылар тәрбиелік әсері мол арнайы кеш өткізу дәстүрі қазақ мектептерінде, әсіресе елуінші жылдардан бері дамып, қалыптасты. Мектепте өткізілетін кештер: пәндік, тақырыптық, мерекелік кештер болып бірнеше салаға бөлінеді. Әсіресе, мерекелік кешті өткізу үшін көптеген дайындық және ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Әрбір кештің дайындық кезеңі және өткізу кезеңі болады. Мерекелік кештің дайындық кезеңінде мынадай жұмыстар жүргізіледі: 1. Болатын кештің жоспары жасалып, бекітіледі. 2. Мерекелік кештің дайындық жұмыстарын ұйымдастырушылар белгіленіп, олардың жеке-жеке міндеттері көрсетіледі. 3. Мерекелік кешке дейін тақырыптық апталық өткізіледі. Онда мереке тақырыбына сөйкес тәрбие сағаттары өтіп, жеке әндерге, хорларға, билерге, күйлерге, сурет салу өнеріне, сыныптық және мектептік газеттерге, тақпақ айту, көркем сөз оқу өнеріне,

шығармаларға конкурс жарияланып, болатын кеште олардың қорытындылары айтылады.

Кешті өткізу кезеңінде: кеш басталғанға дейін түрлі қызықты ойындар ұйымдастырылады, әділ қазылар алқасы белгіленеді, кештің құрметті меймандары орналастырылады, оған жауапты адам болады.

Кештің баяндау бөлімінде тақырыптық түйін сөз, күттықтау сөздер айтылады. Кештің көркемдік, негізгі бөлімінде қызықты қойылымдар көрсетіледі, өнерпаздар өнер көрсетеді. Мысалы, «Қазыналы өлкем – Қарағанды» деген тақырыптық кеште Қарағанды тарихы туралы көркем шығармаларды көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе, Ә.Әбішевтің «Жас түлектер» романынан үзінді-инценировка көрсету, жерлес ақындарымыз Қ.Аманжоловтың, С.Ақсұңқарұлының, С.Бексейіттің, т.б. шығармаларынан тақырыпқа сай үзінділерді көркемдеп айту кештің тәрбиелік мәнін арттыра түседі.

Қарағанды аймағы туралы тақырыптық, мерекелік кеш өткізіп, оқушылардың отан сүйгіштік сезімін арттыру үшін, ең әуелі алынған тақырыптың айналасында зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, «Қарағанды қаласындағы «Желтоқсан» оқиғасы» деген тақырыпта кеш өткізу үшін кешті ұйымдастырушылар желтоқсан оқиғасы туралы тарихи шындықтың мәнін жақсы білуге міндетті. Желтоқсан оқиғасына қатысты деректермен, тарихтың ақтаңдақ құпиясын оқушыларды (кешке қатысушыларды) таныстыра білу ләзім.

Бұл кешті басқарушылар мен бағалаушылар (әділ қазылар алқасы) кештің неғұрлым қызықты өтуі үшін кештің дайындық апталығында, кешті өткізу кезінде тапқырлықпен қиялды және қисынды іс-әрекет таба білу керек. Желтоқсан оқиғасы туралы түсінік, желтоқсан

оқиғасына қатынасушылармен кездесулер, ой тапқыштардың өнер жарысы, Желтоқсан оқиғасы, тәуелсіздік туралы ән айтып, күй тартушылардың өнері, «Тәуелсіздік жаңғырығы» қойылымын сахнада көрсету, т.б. түрлі ойындар мен аудиовизуалдық көріністер оқушылардың отансүйгіштік сезімін, Отанға деген махаббатын қалыптастыратындай әсерлі болу керек. Ең әуелі сахнаны еркіндік, егемендік болмысына лайықтап безендіріп, табиғаттың таңғажайып құбылыстарын затпен де, әуезбен де әсерлеп көрсету қажет. Бұл іске оқушылармен бірге мұғалімдердің бәрі түгел қатысу қажет болады. Әсіресе, тарих сабағы мен тіл сабағын оқытатын мұғалімдер бұл істе басты роль атқарады. Сахнаны безендіру, ондағы қойылымды қызықты өткізу оқытушылардың парасат пайымдауларына байланысты. Әсіресе, көкжиектен көкке бойлап Тәуелсіздіктің келуі тебіренерлік текті күймен астасу керек. Өйткені, тәуелсіздік еркіндіктің, теңдіктің, бейбітшіліктің белгісі деген мәнді білдіреді. Тәуелсіздік күнін жаны жадырап қарсы алатын адамзаттың ақыл-ойына әсер ететін әсемдікті әсерлендіре көрсету үшін тапқырлық пен білімділік қажет.

Аймақтың өлкетану материалдарына байланысты оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелейтін тақырыптарды тандап, кеш өткізуді мектептерде дәстүрге айналдыру керек. «Туған жерім менің – Қарағанды», «Жазушы, ғалым-әдебиеттанушы, аудармашы Сейділ Талжановтың туғанына 100 жыл», «Ерлік - ел мұраты», «Өткеннен өнеге қалған», «Отан - оттан ыстық», «Қалың елім – қазағым», «Елім деп туған ерлер», т.б. тақырыптарда кеш өткізіп, кештің отансүйгіштікке тәрбиелейтін әсерлі сәттерін тапқырлықпен қисынды қиыстыруға болады.

Сонымен қатар пәндік кештердің мазмұн-мағынасын да аймақтың өлкетану материалдарының тәрбиелік тәсілдерімен толықтырып, оны қызықты, әсерлі өткізуге болады. Өйткені, өлкетану барлық пәндермен байланысты. Оны ойлап, тани білу ұстаздың ұлағаттығы мен жауапкершілігіне, шеберлігіне байланысты.

Тақырыптық газет

Аймақтың өлкетану материалдарының патриоттық тәрбие берудегі мәнін оқу-тәрбие ісіне пайдаланудың бір тәсілі мұғалімнің көркем плакат, кесте жасап, газет шығаруды ұйымдастыруынан көрінеді.

Кесте қисынды (логикалық) жүйе мен көркем жасалу қажет. Мысалы, «Қарағанды жылнамасы» деген тақырыптың мазмұнын түйіндеп көрсететін кесте әр жылы болған оқиғалардың мәнін ашатындай болуы керек. Кесте түрлі түсті қаламмен көрнекті және ұқыпты жасалуға тиіс. Оны ең әуелі мұғалімнің өзі жасай біліп, одан соң оқушыларға кесте жасай білуді үйрету керек. Мүмкіндігінше, көрнекі құралдарды сурет өнерінен білімі, дарыны бар, іскер адамның жасағаны тиімді де әсерлі болады.

Плакат жасап, оны отансүйгіштік тәрбие ісіне пайдаланудың да тәсілдері мен мән-мағынасы бар. Мысалы, «Отан - оттан ыстық», «Ер елі үшін туады, елі үшін өледі», «Отаның үшін отқа түс –күймейсің», «Басқа елдің сұлтаны болғанша, өз еліңнің ұлтаны бол» деген сияқты мақалдардан көрнекі плакаттар жасап, көз түсетін орындарға іліп қоюға болады. Әртүрлі тақырыптарға осындай плакаттарды ұқыпты жасап, оларды оқу-тәрбие ісінде қисынды пайдаланудың мәні зор.

Плакатты көбінесе, мұғалім мен оқушылар бірлесіп жасайды, содан кейін белгілі бір тақырыптарда (әуелі дәптерге, содан кейін арнайы ақ қағаздарға) оқушылардың плакат жасауын талап еткен жөн. Әрине, ол үшін мұғалім оқушыларға плакат жасаудың жолын үйретеді, дағдыландырады, ол істі дәстүрге айналдырады.

Кесте «ірі блок» тәсілімен білімді бекіту, тәрбие ісін әсерлі ету үшін де өте қажет болғандықтан мектептердегі оқу-тәрбие ісінде кесте қолдану ісі кеңінен өріс алғаны дұрыс. Ал, плакат, егер жақсы жасалса, көбінесе көрнекі жерде ілулі тұрады да, оқушылардың көзіне көбірек көрініп, ондағы өнегелі сөздер, ғылыми түйіндер әрбір шәкірттің есінде қалады. Плакат, көбінесе, бейнелі суреттермен, шешендік, өнегелі түйінді сөздермен безендіріледі. Сондықтан оны жасаушының білімі, терең, қиялы жоғары болуға тиіс.

Плакат - сөз құдіретін түсініп, әрі оқып есте қалдырудың қуатты құралы. Оны пайдалана білудің тәлімдік тәсілдері бар.

Газет шығаруды ұқыпты ұйымдастырып, онда аймақтың өлкетану материалдарының тәрбиелік мәнін ашатын мақалалар мен безендірулердің көркемдік сапасын жауапкершілікпен қараудың мәні зор. Әдетте, жалпымектептік тақырыптық кеште мектептің жоғары сыныптары «өнер жарыстарын» ұйымдастырып, өз газеттерін шығарады, плакаттар жасап, бейнелі, сюжетті суреттер салып, оны көрме ретінде көрермендерге ұсынады. Кешті өткізуге сайланған басқарушылар мен әділ қазылар алқасы бұл көркем жұмыстарды (газетпен қоса) ұпай қойып, бағалайды. Сөйтіп, әділ қазылар алқасының ұйғарымы бойынша көркем де мәнді газеттер мен плакаттар, суреттер бағасын алып, марапатталады.

Инсценировка және сценарий жасап, оны балалар сахнасы арқылы отансүйгіштік тәрбие ісіне пайдаланудың күрделі әдіс-тәсілдері бар.

Инсценировка — белгілі бір шығарманың мазмұнын-мәнін көрсетуге лайықтап, қойылым даярлау. Мысалы, Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романының туған жерді қадірлеуге, отансүйгіштікке тәрбиелейтін мән-мәнісін әсерлендіре көрсету үшін сол романның арқауына лайықтап инсценировка даярланды. Онда оқиға желісі жүйелі көрсетілумен қатар сахналық безендіру мен мизосценалық, әуездік, көркемдік табиғи және қиял-ғажайып, заманға сәйкес техникалық, т.б. қосымша жұмыстар орындалды.

Мектеп сахнасының жағдайына байланысты кейде көлемді романның белгілі бір тараулары мен бөлімдеріне инсценировка жасалынады. Инсценировка тәрбие ісіне тиімді етіп жасай білу үшін мұғалімнің драматургиялық білімі, ыңғайы болу керек.

Сценарий — белгілі бір тақырып бойынша өткізу үшін және тәрбие сағаттарын өткізуге арналып жасалынады. Мысалы, мектепте «Ер — ел үшін туады» деген тақырыпта кеш немесе тәрбие сағатын өткізу үшін әуелі кешті немесе сынып сағатын өткізудің жоспарын жасап алып, сол жоспар бойынша сахналық көріністердің мазмұнын белгіледік, ол қойылымдық шығарма болды. Қойылымды сахнаға шығару үшін дайындық жұмыстары ұйымдастырылады.

Пікірталас кезінде әркім өз пікірін еркін айтты, теріс не жеткіліксіз пікірлер сыналды, айқындалды, айтылған пікірдің дұрыстығы дәлелденіп, пікірлесушілер дұрыс шешім жасай отырып, ой қорытты. Ой қорыту кезінде «Қырық - бір жақ, қыңыр — бір жақ» болу - пікірлесудің нәтижесі емес. «Қыңыр» мен «Қырсық» пікірді дұрыс, айқын пікір, яғни шындық жеңіп шығу керек. Ол үшін

дәлелдеу, айқындау тәсілдері неғұрлым ұғынықты және қисынды болуға тиіс. Пікірталасты ұйымдастыру барысында шындыққа жету тәсілдері (анықтау, дәлелдеу) қолданылды.

Конкурс өткізу тәсілі - оқушылардың өнерпаздық, білгірлік қабілеттерін арттыру үшін ұйымдастырылады. Конкурс белгілі бір тақырып бойынша жарияланады, конкурстың мақсаты айқын көрсетіледі, дайындық және өткізу мерзімдері белгіленеді, оны ұйымдастырушылар, әділ қазылар алқасы бұл жұмысқа аса жауапкершілікпен қарап, мазмұнын жан-жақты зерттеп, жақсы білуге міндетті.

Мысалы, туған өлкені сүйеге арналған халық мақалдарын жинаушылар конкурсын ұйымдастыру арқылы оқушылардың ізденімпаздылығы, отан сүйгіштігі артады, Отансүйгіштік тақырыбына шығарылған мақал-мәтелдерді жинауда оқушылардың бір-бірінен «айнытпай» көшіріп алуы сияқты «оңай жол» іздеушілер болса, олардың келеңсіз іс-әрекеттері қатты сыналып, баға қоюда, ұпай жинауда ол ескеріледі. Ал «Қарағандым-туған жерім» және «Қарағанды туралы өлеңдер мен әндерді айту» конкурсында әрбір оқушының өз дарыны айқын көрініп тұрады. Ондай жағдайда әділқазылар алқасы, тәрбиеші ұстаздар өнерпаздарға әділ бағасын бере білуге міндетті.

Әрбір конкурс (өнер жарысы, білім жарысы, т.б.) өткен сайын оның қорытындылары жарияланып, конкурста озып шыққандар марапатталып отырылды. Конкурста озып шыққандарды марапаттау ісі сол озаттардың одан әрі де ынта-жігерін арттыру мақсатында болу керек. Яғни, сол озаттың оза беруіне марапат-тірлікті тізгін болуға тиіс.

Оқушылар конференциясын өткізу дәстүрінің оқушылардың отансүйгіштік тәлім-тәрбиесі үшін де мәні зор. Танымдық дәрістері, Қарағанды туралы әңгімелер,

повестер мен романдардан үзінділер, поэмалар мен аңыздар, мақалалар баспасөз беттерінде, баспалар арқылы жариялануда. Осы көркем әдебиет туындыларын оқушылар арасында кеңінен насихаттап, оқушылар конференциясын белгілі бір тақырыптың айналасында немесе нақтылы бір тақырып бойынша оқушылар конференциясын өткізуге болады. Ол үшін оқушылар конференциясының тақырыбы, уақыты, оны басқарушылар және конференцияны өткізу жоспары түзіледі.

Мысалы, «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген тақырыпта конференция үшін оқушылар Қарағанды тарихы, табиғаты, білімі мен ғылымы, өнері мен мәдениеті бойынша баяндамалар жасап, өзара пікірлесті, өлеңдер оқып, әндер айтып соңында, қойылым қойып, белгілі тақырып бойынша оқыған-тоқығандарын есте қалдырып, тәлім алды.

Оқушылар конференциясы кезінде өлкетану туралы шығарманы талқылап, талдап, баға беріп, қорытынды пікірлер айтумен қатар өлкетану материалдарының өркениетті мәдени үрдістері туралы пікірлесу тәсілдері де қолданылды, тақырып бойынша шығармалар, кітаптар көрмесі ұйымдастырылып, газет шығарылды, іскерлер марапатталды.

Сыныптан тыс уақытта оқушылардың патриотизмін қалыптастыруда топсеруендер мен танымжорықтардың маңызы ерекше. Осының негізінде өлкетану жұмыстары атқарылады.

Топсеруен - тарихи ескерткіштер мен табиғи көріністерді әсерлене көріп, тәлім алудың іс-әрекеттік құралы. Аймақтың өлкетану материалдарын бағалай біліп, бағдарлы тәлім алу үшін оның тарихын, мәдени негіздерін көзбен көріп, құлақпен естудің тәлім-тәрбиелік мәні зор.

Тарихи мұражайларға барып, ондағы өлкетануға байланысты экспонаттармен танысып, көркем суреттерді көру арқылы оқушылар қаламыздың ертеден дамып келе жатқан мәнді де, сәнді мәдени үрдістерін өз көздерімен көріп, таныды, білді, өркениетті озық мәдени үлгілерді үйренуге ықыластанды.

Топсеруеннің пәндік, тақырыптық және саяхаттық тағы да басқа түрлерін, оны өткізу уақыттары, орны мен мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты.

Топсеруеннің негізгі көзі табиғи және қоғамдық объект болып табылады. Топсеруен арқылы туған өлкенің қасиетті де көрікті орындарын танып-білуге, соның негізінде ел тарихы мен жер тарихы, табиғаты туралы терең білім алуға мүмкіндік туады. Қарағанды аймағына жоғары сынып оқушыларымен арнайы құрылған жоспар (кесте 1) бойынша топсеруендер ұйымдастырып, оқушылардың туған өлкесімен тікелей байланыста болуын, оның қыр-сырын, құбылыстары мен заңдылықтарын, табиғи объектілерін анықтауға, оқушылардың дала жағдайындағы іскерлігін, атамекен жайындағы білімдерін арттыруға жағдай жасауға болады.

Кесте 1 – Жоғары сынып оқушыларымен ұйымдастырылатын топсеруендердің жоспары

р/с	Топсеруендердің мазмұны
1	Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатына бару, құжаттармен танысу, мұрағат материалдарын оқып-үйрену
2	Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайына бару, тақырыптық кештерге, көрмелерге қатынасу
3	Археология және этнография мұражайына бару

1-кестенің жалғасы

4	Бейнелеу өнерінің мұражайының коллекцияларымен танысу
5	Е.А.Бөкетовтың мемориалдық мұражайына барып, ғалымның өмір жолымен танысу
6	Н.Б.Гоголь атындағы кітапхананың өлкетану бөліміне бару, Қарағанды аймағы бойынша материалдармен танысу, жерлестеріміздің шығармаларын оқып-үйрену
7	Туған өлке, яғни Қарағанды қаласы туралы тарихи-географиялық мәліметтерді жинау. Туған жерін қорғау жолында ерлік көрсеткен батырлар жайында мәліметтер жинастыру

Топсеруен барысында Қарағанды аймағына байланысты ұйымдастырылған жұмыстар Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың бірден-бір құралы болып саналады.

Өлкетану бойынша жүргізілген жұмыстар төмендегіше қаралады:

- бақылауға алынған объектілерді іріктеп алу;
- қоғамдық объектілердің жағдайын саналы да ұқыпты анықтау.

Біз жүргізілген топсеруен барысында бір-бірімен байланысты үш міндетті көздедік:

1. Туған өлкені сүю, қорғау талаптарын ескеріп, оқушылардың патриоттық сана-сезімдерін, сенімін және мінез-құлқын қалыптастыру және дамыту.

2. Туған жердің қасиетті орындарын қорғауға алу, қалдық заттардан тазарту, қираған жерлерді қалпына келтіру, т.б. жұмыстарды жүргізу.

3. Оқушылардың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру және өткізу.

Бағдарламалық топсеруенді осы мақсаттағы оқушылардың туған жерге сүйіспеншіліктерін қалыптастыратын сұрақтармен толықтырып, топсеруен барысында мына мәселелерді шештік:

а) Қарағанды аймағына бақылау жүргізуді үйрету.

ә) Өз өлкесін, Отанын терең білуге бағыттау.

б) Жеке адамның туған өлкесін қорғаудың тәртіп ережесін жасату.

в) Теориялық білімді іс-тәжірибеде, күнделікті мінез-құлықтарында қолдану.

Осыған байланысты сыныптардағы топсеруенді өткізу мезгілі мен мазмұнының ерекшеліктері белгіленді.

Топсеруеннің жоспарын жасау, бағдар белгілеу, естіп-көру, әңгімелесу, ой қорыту, болашақ іске шешім жасау сияқты іс-әрекет жүйелерін оны ұйымдастырушы терең біліп, тегіс орындауға міндетті.

Танымдық дәрістері - ұрпаққа өлке туралы терең білім берудің қуатты құралы. «Қарағанды тарихы», «Құқық негіздері», «Қарағандылық батырлар», т.с.с., сабақтары арқылы оқушылар туған өлкеміздің тарихымен, құқық негіздерімен, қаланың тұрмыс-тіршілігімен тереңірек танысып, үйренеді, білгенін арттырады, халқын сүю үшін, оның салтын сүйіп, бүкіл адамзаттық өлкетану негіздерін санасына сіңіреді.

Ой тапқыштар клубы (көңілділер мен ой тапқыштар клубы) - оқушылардың ізденімпаздығын арттырып, дүниетанымын, білімін дамытатын ұжымдастық. Бұл ұжымдастық тақырыптық, пәндік, жалпы мектептік кештерде әріптестерімен өнер-білім жарысына түсіп, жеңіске ие болу үшін белгіленген тақырыпқа сәйкес

дайындық жұмыстарын ұйымдастырады. Клубқа қатысушылар «сегіз қырлы, бір сырлы» болу үшін талаптанады, дарынын, білімін дамыту үшін ізденеді, үйренеді.

Қарағанды аймағы туралы өлкетану негіздерін жақсы біліп, оны кеш немесе пікірталас кезінде әрбір команда (жасақ) әдептілікпен көрсете білу керек.

Өнер-білім сынасу кезінде әрбір команда мүшесі сұраққа жауап, өнер көрсету, білімділігін байқату үрдістерінен мүдірмей өтуге тырысады. Әріптестер белгілі тақырыптар бойынша даярланады да, бірін-бірі сынау кезінде тосыннан сұрақтар қойып, ойланбастан іс-қимыл жасап, өнер көрсетеді, дарындылық нышандар байқатады.

Көңілділер мен тапқыштар клубының өнер-білім сынасуындағы озық ерекшеліктерін әділ-қазылар алқасы дұрыс бағалап, марапаттай білуге міндетті.

Күнтізбе туған өлкенің айтулы оқиғалары мен мейрам-тойларын патриоттық тәрбиесіне пайдалану үшін арнайы жасалынып, көркем түзілсе, оның тәрбиелік мәні зор.

Күнтізбе өлкетануға лайықталып жасалынатын болса, сол айларда болатын тойлар мен айтулы оқиғаларға лайықталған инсценировкалар мен сценарийлер, қысқа аңыздар мен тұжырымдар, сол айларда туған қарағандылық белді азаматтар туралы, қызықты және тарихи оқиғалар туралы мәліметтер беріліп, оқушыны отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатқа орындалады.

Жоғары сынып оқушыларының патриоттық тәрбиелілігін қалыптастыру және дамыту олардың туған өлкесі туралы теориялық біліміне байланысты болғандықтан, аталған проблема бойынша сыныптан тыс іс-әрекеттің орталығы ретінде «Қарағандытану» атты ғылыми-теориялық үйірме ұйымдастыруға болады, олардың

жұмысына жоғары сынып оқушыларының ат салысуын қадағалау қажет. Мектепте үйірме отырысы айына екі рет өткізіліп отырады.

Үйірме жұмыстарында мынадай мүмкіндіктер жүзеге асырылады:

- оқу процесімен салыстырғанда сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың туған өлкеге сүйіспеншіліктерін қалыптастырудың мүмкіндіктері мол;

- оқушылардың туған өлкесіне сүйіспеншілігін дамыта түсу үшін олардың әрқайсысының қызығушылықтарына сәйкес көзқарастары мен іс-әрекетін іске асыруға мүмкіндік жасау;

- оқушыларды үйірме жұмыстарына қатыстыру арқылы олардың өз бетімен ізденуін, өлкетануға қызығушылықтарын арттыру.

Үйірме жұмысының негізгі мақсаты - оқушылардың аймақтың өлкетану материалдары арқылы Отанға сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, дамыту, патриотизмді тәрбиелеу. Осы мақсат мынадай міндеттердің шешімін табуды көздейді:

- үйірме жұмысын туған өлке материалдарымен, табиғи ортамен тікелей байланыстыра жүзеге асыру;

- шығармашылық жұмыстарды жандандыру, атамекенге деген сүйіспеншілік сезімін дамыту, білік пен дағдыны қалыптастыру.

Әсіресе, осы үйірме жұмыстары жергілікті жерде, туған өлке аясында жүргізілсе, оқушылардың Отанға сүйіспеншілігін қалыптастыруға жағдай жасайды, оларды сарамандық жұмыстарда қолданылу жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Үйірме жоспарында төмендегідей жұмыстар мазмұны қарастырылған:

- Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыратын өлкетану материалдарын жинақтау;
- Қарағандытану арқылы туған өлкеге сүйіспеншілікті қалыптастыратын кештер, апталықтар, ұжымдық тәрбиелік істер, пікірталас, т.б. іс-шаралар өткізу;
- Қарағанды аймағына танымжорықтар ұйымдастыру;
- тарихи-мәдени аймақтарға топсеруендер жасау.

Сонымен бірге мектепте

Патриоттық тәрбиенің теориялық сипаттамасын ғалымдар өмірдегі қажеттілік тұрғысынан қарау және әр адамның маңызды өмір сүруі үшін патриотизмге қызығушылық құлқын ояту мақсатында саралайды. Қай халықтың болмасын мемлекет тарапынан ғалымдардың назарын патриоттық тәрбиені зерттеуде ең ұтымды, тиімді жолдарын таба білуге бағыттап және саяси жұмыстың өмір тіршілігінің тынысынан алшақ кетпей, сапалы жүргізілуімен жалпы тәрбие ісіндегі құрама әдіс-амалдардың әдіснамалық соның ішінде, патриоттық тәрбиенің өз мәнінде жүзеге асуын қадағалап отыру бағдарланады.

Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты - жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік, психологиялық, дене шынықтыру сияқты сапаларды қалыптастыру болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру бағытында ұйымдастырылатын тәрбиелік істерге патриоттық сана-сезімді, білімді, мінез-құлықты қалыптастыру, соның негізінде оқушыларда қазақстандық және ұлттық патриотизмді тәрбиелеу жатады.

Жоспардағы іс-шаралардың мазмұны жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беруде аймақтың өлкетану материалдарын тиімді пайдалануға бағытталған.

Жоғары сынып оқушыларына аймақтың өлкетану материалдары арқылы патриоттық тәрбие беруге байланысты тәрбиелік шараларды өткізу барысында төмендегідей педагогикалық талаптар тұжырымдалды:

- ұйымдастырушылардың патриоттық тәрбие беру бойынша өлкетанудан тиімді материалдарды пайдалануы;
- оқушылардың өлкетану материалдарын меңгеруі, өзінің жеке шығармашылығын көрсетуі;
- оқушыларға патриоттық тәрбие беруде өлкетану материалдарын шеберлікпен пайдалануға ұмтылуы.

Қорытынды

Патриотизм - өзінің туып-өскен елін, жерін сүйетін, ел тарихын білетін, шынайы отансүйгіштік рухта тәрбиеленген жас ұрпақтың бойында ғана болады. Туған жеріне деген терең махаббаттан ғана патриотизм туындайды. Қоғам өміріне белсене араласуға қадам басқалы отырған мектеп оқушыларының Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезінуі, мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге, тарихқа, мәдениетке құрметпен қарауы өзінің туған өлкесіне, өз аймағының халқына қатынасы арқылы айқындалады.

Бүгінгі таңда ұстаздардың негізгі міндеті - сана-сезімі жоғары, рухани дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болмақ. Мұғалімнің әрқайсысы белгілі бір оқу пәнінің маманы болғанымен, оның кәсіби іс-әрекеті өз пәнін оқытумен ғана шектелмей, тұлғаны тәрбиелеумен сабақтастырылуы - заңдылық. Сондықтан өлкетану материалдары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру еліміздің тәуелсіздігін нығайтуда маңызды мәселенің бірі болып саналады.

Бүгінде жоғары сынып оқушыларының арасында өз Отанының құндылықтарына немқұрайлықпен қарау, азаматтық белсенділік танытпау және Қарулы күштердің қатарларында қызмет етуден бас тарту сияқты келеңсіз жайттар кездесіп отырады. Мұның өзі мектепте патриоттық тәрбие беру процесінің өз деңгейінде ұйымдастырылмай отырғандығын дәлелдеп, оның мазмұнын, құралдары мен әдістерін жетілдіру қажеттілігін тудырады. Міне, осы қажеттілікті аймақтың өлкетану материалдары негізінде шешуді көздеген бұл оқу құралының ұстаздар қауымы үшін пайдасы мол деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз. – Б.5-8.
- 2 Сенюк Д.С. Духовно-патриотическое воспитание старшеклассников в процессе туристско-краеведческой работы: дис....канд. пед. наук. - Москва, 2002. - 133 с. - 04200302631
- 3 Даль В.И. Толковый словарь русского языка. Современная версия. – М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2000. – 736 с.
- 4 Спиркин А.Г., Юдин Э.Г., Ярошевский М.Г. Философский энциклопедический словарь. – М.: Политиздат, 1983. – 364 с.
- 5 Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы: Қазақстан, 1973. Т.2. - 168 б.
- 6 Қалиев Ж.Н. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. - Астана, 2005. – 28 б.
- 7 Құсайынова Д.С. Әлия мен Мәншүк ерлігінде жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. - Алматы, 1999. – 29 б.
- 8 Санабаев У.К. Педагогические основы воспитания патриотизма у военнослужащих внутренних войск МВД РК.: автореф. дисс. канд. пед. наук. – Караганды, 2004. - 25 с.
- 9 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. Құсайынов А.Қ. - Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.
- 10 Меңлібаев Қ. Ұлт дәстүрі – қазына. – Алматы: Ғылым,

1998. - 173 б.
- 11 Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. – Астана: «KULTEGIN» баспасы, 2001. – 357 б.
 - 12 Нысаналин А. Фараби – поэзия падишасы // Қазақ әдебиеті. – 1971. – 7 май. – Б.3.
 - 13 Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. – Астана, 2003. – 27 б.
 - 14 Сарбасова Қ.А. Қазіргі педагогика ғылымының қайнар көздері. Монография. - Алматы: Білім, 2008. - 243 б.
 - 15 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б.
 - 16 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
 - 17 Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. Общедидактический аспект. - М.: Педагогика, 1977. - 254 с.
 - 18 Монозон Э.И. Проблемы теории и методики коммунистического воспитания школьников.- М.: Педагогика, 1978.- 199 с.
 - 19 Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. - Алматы. Мектеп, 1976. - 322 б.
 - 20 Сухомлинский В.А. Павлышская средняя школа.- М.: Просвещение, 1979.- 396 с.
 - 21 Абрамян Э.Г. Совершенствование патриотического и интернационального воспитания учащихся в деятельности октябрятских групп: автореф. дисс. канд. пед. наук.– Ташкент. 1986. - 22 с.
 - 22 Ахмедов С.М. Воспитание интернационализма и патриотизма у старшекласников в процессе

- общественно-полезной деятельности: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Ташкент, 1991. - 21 с.
- 23 Качура И.Н. Совершенствование патриотического и интернационального воспитания воинов внутренних войск МВД СССР: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - М., 1991. - 22 с.
 - 24 Киямов Н.С. Формирование патриотических и интернациональных чувств у подростков на уроках музыки в школах: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Ташкент, 1995. - 22 с.
 - 25 Кожобаев К.Г. Воспитание советского патриотизма в процессе обучения математики в восьмилетней школе: автореф. дис. канд. пед. наук. - М., 1985. - 22 с.
 - 26 Лещинская С.Е. Воспитание советского патриотизма у старших подростков в процессе учебной и внеклассной деятельности по географии СССР: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - М., 1983. - 24 с.
 - 27 Макатова Ж.А. Развитие гражданского воспитания в школах Казахстана в 1917-1930 гг: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1994. - 24 с.
 - 28 Меликова Н.А. Развитие теории и практики интернационального воспитания в школах Казахстана 1946-1986 гг. (на материалах внекл. работы): автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1988. - 23 с.
 - 29 Тесленко А.Н. Социализация молодежи: смена парадигм. - Астана: НИЦ «Евразийство», Изд. ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. - 2002. - 170 с.
 - 30 Каримбеков С.А. Военно-патриотическое воспитание учащихся старших классов национальной школы в процессе преподавания литературы: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Ташкент, 1991.- 22 с.
 - 31 Нурмукашева С. Развитие военно-патриотической

- воспитания старшеклассников в школах Казахстана (1960-1985): автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1992. - 24 с.
- 32 Шарапов Ш.А. Военно-патриотическое воспитание учащихся в таджикской общеобразовательной школе (1929-1945 г.г): автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1983. - 22 с.
- 33 Бейсембаева А.А. Патриотическое воспитание старшеклассников средствами казахского героического эпоса: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2004. - 25 с.
- 34 Кенжебаева Р.Н. Оқыту үрдісінде халық педагогикасы арқылы оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру: пед. ғылым. канд. дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. – Шымкент, 2005. – 154 б. – 0405РК00837
- 35 Коидзе Ж.Г. Народные традиции как средство героико-патриотического воспитания школьников: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - М., 1982. - 16 с.
- 36 Қоңыратбаева Т.Ә. Халық педагогикасы және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары: пед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дис. автореф. - Алматы, 1994. - 24 б.
- 37 Байменова Б. С. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы: пед. ғыл. канд. ... дисс. автореф. - Астана, 2002. – 27 б.
- 38 Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. - Алматы, 1995. - - 27 б.
- 39 Иманбаева С.Т. Оқушыларды ұлттық жауынгерлік

- дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері: : пед. ғыл. канд. ... дисс. автореф. - Алматы, 1997. - 25 б.
- 40 Құрманбаева М.Ж. Мәлік Ғабдуллин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. – Алматы, 2003. - 27 б.
- 41 Құсайынова Д.С. Әлия мен Мәншүк ерлігінде жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. - Алматы, 1999. – 29 б.
- 42 Калимолдаева А.К. Формирование патриотизма будущих специалистов в целостном педагогическом процессе вуза в современных условиях: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2003. - 25 с.
- Салтанов Е.С. Военно-патриотическое воспитание студентов в учебном процессе вуза (на материалах военной кафедры): автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2005. - 29 с.
- 43 Возрождение и будущее Отечества – в патриотизме молодежи. – М.: Изд.-во Междунар.Пед.Академии, 2000. – 89 с.
- 44 Егоров В.В., Скибицкий Э.Г. Методология и методика научного исследования. – Алматы: Ғылым, 2005. – 353 с.
- 45 Пирожков Г.П. Краеведение. – Тамбов: Изд.-во ТГУ им.Г.Р.Державина, 1996. – 104 с.
- 46 <http://www.cultinfo.ru/fulltext/1/001/008/065/588.htm>
Строев К. Ф., Ефремов Ю. К. Краеведение.
- 47 Пирожков Г.П. Краеведческое образование как составляющая культурологической подготовки

- специалиста: автореф. дис. ... докт. культурологии. – Краснодар, 2006. – 40 с.
- 48 Тәкенов Ә., Баймұратова С. Т.Шонанов және мектептегі өлкетану // Қазақстан мектебі, 1997. - №3. – 63 б.
- 49 Керімов Л., Қиясова Б. С.Асфендияров елжандылық тәрбие туралы // Қазақстан мектебі, 2001. - №8. – 32 б.
- 50 Шмидт С.О. Краеведение и документальные памятники. – Тверь, 1992. – 88 с.
- 51 <http://www.cultinfo.ru/fulltext/1/001/008/065/588.htm>
Корсаков С.Н. Краеведение - комплексное воспитание человека.
- 52 Шмидт С.О. Гуманизирующий потенциал краеведения // Высшее образование в России. - 1992. - №3. – С.17.
- 53 Кәрібайұлы Ж. Ат тұяғын қыздырған Атамекен. – Астана: Фолиант, 2002. – 144 б.
- 54 Қозыбаев М. Тәуелсіздік даңғылы // Ақиқат, 2001. - №4. – 3 б.
- 55 Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары // Құраст. М.Ғабдуллин, Д.Шалыбеков, т.б. – Алматы: Жазушы, 1961. – 116 б.
- 56 Бекбергенов М. Ғабит Мүсіреповтың прозасы. – Алматы: Рауан, 1990. – 151 б.
- 57 Мұстафин Ғ. Таңдамалы шығармалары. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1971. – 424 б.
- 58 Ембергенова Ж. Жастарды салауатты өмір салтына халықтық педагогика құндылықтары негізінде ұрпақ сабақтастығымен ұштастыра тәрбиелеу: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. - Қарағанды, 2000. – 29 б.
- 59 Қалиев С. және т.б. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. –

- Алматы: Білім, 2001. – 224 б.
- 60 Әбілқызы З. Этнопедагогика қандай пән? //Ұлт тағылымы. - 1998. - №1. - Б. 37.
- 61 Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру. - : пед. ғыл. канд. ... дисс. автореф. - Қарағанды, 2007. - 24 б.
- 62 Жахин К.Е., Ерекешов А.М., Чистиков Н.В. Военно-патриотические воспитание молодежи // Методические рекомендации. – Алматы, 2004. – 32 с.
- 63 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. - 584 б.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориялық негіздері.....	5
1.1 Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әлеуметтік-педагогикалық мәні.....	5
1.2 Өлкетану материалдары арқылы жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері мен жолдары.....	28
2 Өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру.....	39
2.1 Өлкетану материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ерекшеліктері.....	39
2.2 Өлкетану маериалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің мазмұны, формалары мен әдістері.....	59
Қорытынды.....	89
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	90